

ЛЕНИН ТУЫ

ҚАЗАҚСТАН КП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ, ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ЖӘНЕ ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 173 (9750) 1955 жылғы 31 август Сәрсенбі

Шығуына 36 жыл және саны 20 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

ЕЛІМІЗГЕ АСТЫҚТЫ ЕСЕЛЕП МОЛ БЕРЕЙІК! Жарысушы облыстарда (1-бет). Егін жыйнаудың озаттары. Астық тасудың озаттары. С. Андриевский.—Астық түсімін арттыру жолында. Н. Кондратенко.—Гектарынан 400 центнер (1-бет).

СОВЕТ ҚҰРЫЛЫСЫ. Б. Мырзалин.—Еңбекшілердің тұрмыстық қажетін өтеу—Советтердің төл ісі. Ж. Құрманғалиев.—

Депутаттардың инициативаларын үнемі қолдап отырайық (2-бет).

Б. Баянов.—ССРО халықтарының достығы — социалистік интернационализм идеяларын жүзеге асыру (2-3-беттер).

Астықты ысырапқа ұшыратуға қарсы күрес күшейтілсін (2-бет).

ЕРТЕҢ МВТЕПТЕРДЕ ЖАҢА ОҚУ

ЖЫЛЫ БАСТАЛАДЫ. Сын және өзара сынсыз өтті. Ә. Сейтбеков.—Жаңа оқу жылы ойдағыдай басталады. С. Қанафин.—Мұғалімдер кеңесінде (3-бет).

А. Қазиев.—Малшы семьясы (3-бет).

Б. Жақыпов.—Кемпіліктерді дереу жою керек (4-бет).

Шетел хабарлары (4-бет).

Жаңа оқу жылы

Ертең бүкіл еліміздің мектептерінде жаңа 1955—1956 оқу жылы басталады. Ертең бақытты совет балалары мектеп парталарына тағы да отырып, жазғы демалыс күндерінде көңілді тынышқаннан кейін жаңа күш, жаңа жігермен білім негіздерін терең меңгеруге, осы жолда көп ізденіп, қажырлықпен еңбектенуге тағы да кіріседі.

Оқушы балалар жаз айларында көңілді тынышты: санаторийлерде, демалыс үйлерінде, пионерлер лагерлерінде болды; туристік жорықтарға шықты, туған өлкеге саяхат жасады. Мыңдаған мектеп оқушылары колхоз, совхоз далаларында еңбек етіп, колхозшылар мен механизаторларға көмектесті. Сол сияқты түрлі спорт жарыстарына қатынасты. Бітап оқыды.

Ертең бүкіл совет мектептерінің есігі кең ашылып, оқушы балаларды қарсы алады. Бүкіл еліміздің мектептері сияқты, біздің облысымыздың мектептері де жаңа оқу жылына жылдағыдан едеуір дәрежеде жақсы өзгеріспен кіріскелі отыр. Ең алдымен мектеп үйлерін жөндеу, мектептер үшін қысқа қажетті отын дайындау жұмыстары жылдағыдан әдеуір қайда ұйымшылдықпен жүргізілді. Сол сияқты, жоғары дәрежелі оқу орындарын бітірген жүздеген жас мұғалімдер келіп, облыс мектептерінің мұғалімдер кадрларына сапа құрамы едеуір жақсарды. Бұл жағдайлардың барлығы жаңа оқу жылында мектептерде оқу-тәрбие жұмыстарының сапасын жылдағыдан көп жақсартуға мүмкіншілік беретіні сөзсіз.

Партия мен үкіметіміз біздің болашағымыз және үмітіміз — жас ұрпақтарды оқытуға, олардың дені сау болып өсуіне, коммунистік интернационализм, Отанымызға шексіз берілгендік рухында тәрбиеленуіне үнемі шексіз қамқорлық жасап келеді. Демек, жас ұрпақтарымыздың білім негіздерін терең меңгерулеріне, ал мұғалімдердің оларға сапалы білім, саналы тәрбие берулеріне барлық жағдайлар жасалған. Тек біздің облысымыздың өзінде ғана 558 мектеп жұмыс істейді. Бұлардың ішінде 50 орта, 188 жетіжылдық, 320 бастауыш мектеп бар.

Жоғарыда облыс мектептері жаңа оқу

жылы бойынша жүргізеді. Демек, облысымыздың мектептері жаңа оқу программасын алғашқы рет қашпай қолданғалы отыр. Бұл жаңа оқу программасы политехникалық оқу негізінде оқушылардың ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп негіздерін үйреніп білуін көздейді. Міне, сондықтан да жаңа оқу жылында мұғалімдер коллективтері оқушылардың ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп негіздерін терең біліп шығуына жете назар аударулары керек.

Бұл салада мектеп жанындағы тәжірибе учасқоқтері зор роль атқарады. Мектеп басшылары тәжірибе учасқоқтерінің жұмысын үлгілі ұйымдастыруға, сол сияқты, мектеп оқушыларының колхоз, совхоз өндірісімен, өнеркәсіп жұмысымен дүемі танысын отыруына жеткілікті көңіл бөлуге міндетті.

Өткен оқу жылында облыс орта мектептерін бітірген бірқатар жастар жоғары оқу орындарына қабылдау емтихандарын тапсыра алмады. Олардың көпшілігінің тіл пәнінен емтихан тапсыра алмағандығы мәлім. Бұл жағдай жаңа оқу жылында мектептерде тіл пәнін оқытуды, әсіресе қазақ мектептерінде орыс тілін пәнін оқытуды жаңа талапқа сай ұйымдастыра білуді талап етеді.

Мектептерде оқу-тәрбие жұмысын жақсарту тәсілдерін басты шарттарының бірі — мектеп комсомол, пионер ұйымдарының жұмысын жаңаландыру. Бұл мәселеге облыстық, қалалық, аудандық комсомол комитеттері мен мектеп басшылары, мектеп бастауыш партия ұйымдары күнбе-күн назар аударып отырулары қажет.

Мұғалім — мектептегі негізгі тұлға. Оқушының терең білім, саналы тәрбие алуы мұғалімге байланысты. Шынында да жас ұрпақтарымызды оқытып, тәрбиелеу сияқты аса жауапты да, абройлы іс мұғалімдерге жүктелген. Олай болса, мұғалімдер де өзіне жүктелген осы абройлы міндет дәрежесінде болуға тиіс. Мұғалім өзінің жалшы және саяси-идеялық білім дәрежесін үнемі арттырумен бірге, педагогикалық шеберлігін жетілдіре беру жолында тынбастан оқып ізденуі, еңбектенуі керек.

Елімізге астықты еселеп мол берейік!

Колхозшылар мен механизаторлар, партиямыздың XX съезі құрметіндегі социалистік жарыста жаңа табыстарға жете беретін болайық!

★ ЕГІН ЖЫЙНАУДЫҢ ОЗАТТАРЫ

Интернационал МТС-нің комбайншысы Роман Грельх жолдас партиямыздың XX съезі құрметіндегі социалистік жарысқа ұштаса отырып, Вильямс атындағы колхоздың егін даласында үздік табысқа жетуде. Ол бір «Сталинец—6» комбайнымен жеті жұмыс күнінде 186 гектар егін жыйнады.

Ильич атындағы МТС-тің комбайншысы С. Купин коллективтің зор құрметіне бөленген. Ол онтоғыз жыл бойы МТС қамтындағы колхоздарда егін жыйнап келеді. Өткен жылдан бастап Купин жолдас комбайнның декаларын ауыстырып қою арқылы жауынды күндері егін жыйнап жүр. Кәзірдің өзінде Купин жолдас 250 гектар егін жыйнады.

Баян МТС-нің комбайншысы Василий Перевертайло жолдас «Баян» колхозында аласа егінді ысырапсыз жыйнай отырып, бір комбайнмен күн сайын 25 гектар егін орады. Оның аласа егінді ораудағы әдісін осы колхоздағы комбайншылар Сұрағанов және басқалары кеңінен қолдануда.

Суворов атындағы МТС-тің комбайншысы Васильев жолдас «Новый путь» колхозында тіркеудегі екі «Сталинец—6» комбайнымен күн сайын 40 гектар егін жыйнауға міндеттенсе, ол көрсеткішті 45-50 гектарға жеткізіп, міндеттемесін асыра орындап жүр.

Осы МТС-тің комбайншысы Девяткин жолдас өздігінен жүретін комбайнмен орта есеппен күніне 20 гектар егін жыйнап, жоғары көрсеткішке жетуде.

Полудия МТС-нің комбайншылары П. Григорьев және Н. Малыдин жолдас «Красное знамя» колхозында үнемі екі норма орындап жүр. Олардың арнайы



Мамлот элеваторына облыс колхоздары мен совхоздарынан астық күн сайын көптеп өткізілуде. СҮРЕТТЕ: лаборантка Н. Чуркина Вильямс атындағы колхоздан өкелінген астықтың анализін алып тұр. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Астық түсімін арттыру жолында

Быйыл Жданов атындағы колхоздың мүшелері мен осы колхозда жұмыс істейтін Интернационал МТС-нің механизаторлары ынтымақтаса еңбек етіп, көктемгі егісті қысқа мерзімде және жоғары сапада өткізеді. Жазда егінді күтіп-баптауды агро-техникалық талаптарға сай жүргізеді. Осының нәтижесінде колхозда егін бітік өсіріледі. Бірақ біздің еліміз, біздің колхозымыз сабақтағы астықпен емес, қамбаға түскен астықпен бай бола алады. Сондықтан кәзіргі аса маңызды міндет — бітік өскен егінді ысырапсыз жыйнап алу.

Бұл міндетті орындауда комбайншылар шешуші роль атқарады. Біз комбайн агрегаттарының қуатын өнімді пайдалануға, сөйтіп егін жыйнау мерзімін барынша қысқартуға қамтамасыз

жасауға, егінді күтіп-баптауға, агрегат мүшелерінің тамақтануына кететін уақытты барынша қысқарту есебінен жұмыс уақытын 18—20 сағатқа дейін ұзарттық. Сөйтіп соңғы күндері агрегаттың күндіз жұмыс өнімділігін 70—71 гектарға жеткіздік. Еңбек өнімділігін былайша арттыру егінді жыйнау мерзімін неғұрлым қысқартуды, дәннің сабақта тұрып ысырап болуына жол бермеуді қамтамасыз етеді.

★ АСТЫҚ ТАСУДЫҢ ОЗАТТАРЫ

Петропавл авторотасының шоферлары партиямыздың XX съезін өндірістік табыстармен қарсы алу жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, еңбек өнімділігін арттыра түсуде. Шофер И. Макохин, И. Пискун және Винников жолдас облыстың ең алыстағы Октябрь ауданынан Петропавл элеваторына астық тасып жүр. Олар ауа райының қолайсыздығына қарамастан үнемі екі норма орындауда.

Қыялы авторотасының шофері З. Набиев жолдас облыстағы үздік шоферлардың бірі. Оның автомобилі өткен жылы күрделі жөндеусіз 100 мың километр жер жүрді. Набиев жолдас быйыл да осындай көрсеткішке жету үшін егін жыйнау кезінде 50 километр қашықтықтағы элеваторға астықты тәулігіне 4—5 рет жеткізуге міндеттеме алды. Ол алған міндеттемесін аброймен орындап келеді.

Петропавл МТС-нің шофері Захар Сергеев жолдас сүрлем дақылдарының өнімін комбайн бункерлерінен трансшеяларға тасуда Жамбыл атындағы колхоздың колхозшыларына көп көмек көрсетуде. Ол «ЗИС—150» автомобилмен 8—10 километр қашықтықтағы участоктен күн сайын 40—50 тонна сүрленетін азық жеткізеді.

Киров атындағы колхоздың (Петропавл ауданы) шоферлары Замотин және Вайт жолдас элеваторға түнгі сменада уш рет астық әкелсе, күндіз комбайн агрегаттарынан қырмандарға астық тасыйды. Сөйтіп олар күнделікті тапсырманы үнемі екі еседен орындап келеді.

Мамлот ауданындағы Вильямс атындағы колхоздың шофері Игнатюк жолдас машинасы техникалық жақсы күтімде ұстау арқылы үш комбайн агрегатынан қырыс

жылғына жылдарыдан төрі жақсы өзгеріспен кіріскелі отыр дедік. Алайда, бұдан облыс мектептерінің жаңа оқу жылына әзірлігінде елеулі кемшіліктер болмады деген ұғым тұмайды. Облысымызда 27 мектеп қысқа қажетті отынмен әлі толық қамтамасыз етілген жоқ. Әсіресе Кошюхов, Полудин аудандарының бірқатар мектептерінің жаңа оқу жылына әзірлігі мейлінше қанағаттанғысыз болды. Аталған аудандардың Совет атқару комитеттері мен оқу бөлімдері, мектеп басшылары оқу жылына әзірліктегі кемшіліктерді іс үстінде жойып, мектептерде оқу-тәрбие жұмыстарының тығыздығын ұйымдастырылуын қамтамасыз ету үшін қажетті шаралардың барлығын қолдануға міндетті.

Быйылғы жаңа оқу жылында біздің облысымыздың мектептері өздерінің оқу-тәрбие жұмыстарын жаңа оқу програм-

Сол сияқты, оқу бөлімдерінің басшылары, олардың инспекторлары мен мектеп басшылары оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізуде мұғалімдерге талапты барған сайын күшейте беретін болсын. Мұнымен бірге мектептің оқушылардың ата-аналарымен байланысын күшейтудің оқушылардың сабақ үлгеруін жақсартуда үлкен маңызы бар екендігі мәлім. Міне, осы талаптарды орындағанда ғана мектепте оқу-тәрбие жұмыстарын үлгілі жүргізуге болады.

Партия, совет ұйымдары мектептерге басшылық пен көмекті жақсартуы керек. Өйткені партия, совет ұйымдарының күнбе-күнгі басшылығы мен көмегісіз мектептерде оқу-тәрбие жұмысын ойдағыдай жүргізуге болмайды.

Ертең мектептерде жаңа оқу жылы басталады. Қош желдіңдер, оқушы балалар! Іске сәт, мұғалім жолдастар!

бір «Сталинец—6» комбайнымен күн сайын 26—30 гектар егін жыйнайды.

Сартомар МТС-нің комбайншысы Шаяхмет Әубәкіров жолдас «Красное поле» колхозының егін даласында күн сайын 25—27 гектар егін жыйнап, басқа комбайншыларға үлгі көрсетуде.

3 күнде 150 гектар

Суворов атындағы МТС-тің комбайншысы Маркель Распошин жолдас партиямыздың XX съезі құрметіндегі социалистік жарыста табысқа жете отырып, егін жыйнауда қажырлы еңбек етіп жүр. Ол екі «Сталинец—6» комбайнымен күн сайын 50 гектар егін жыйнауда. Распошин жолдас соңғы 3 күнде 150 гектар жаздық бидай жыйнады.

Б. ҚАЛЫСОВ.

міз. Осы міндетті аброймен орындау мақсатын көздеп, мен басқаратын агрегат мүшелері быйыл тіркесудегі екі «Сталинец—6» комбайнымен кемінде 900 гектар егін жыйнауды ұйғарды. Біз бұл жүндері алған міндеттемемізді аброймен орындау жолында қажырлы еңбек етіп келеміз. Егін жыйнау басталғалы агрегатымыз күн сайын 50—60 гектардан кем егін жыйнаған жоқ. Ал жыйналған жаз-

Соңғы кезде ауа райы жиі құбылып тұр. Бірақ ауа райының жауын-шашынды болуы агрегаттың өнімді еңбек етуін бөгей алмайды. Біз комбайндардың механизмдерін дымқыл астықты бастыруға бейімдей отырып, егін жыйнауды жауын-шашынды күндерде де өнімді жүргізіп келеміз.

С. АНДРИЕВСКИЙ,

Интернационал МТС-нің комбайншысы.

ГЕКТАРЫНАН 400 ЦЕНТНЕР

Соколов ауданындағы «Дозор Ильича» колхозының колхозшылары жүгеріден мол өнім жыйнады. Мұнда 10 гектар жүгерінің әрбір гектарынан көкше күйінде 400 центнер өнім алынып, сүрленуде.

Осы сияқты, Преснов ауданындағы «Организованный труд» колхозының колхозшылары да жүгері егісін егуді, жүгері агротехникалық ережелерге сәйкес

жүргізе отырып, одан мол өнім алынуын қамтамасыз етті. Колхозшылар жүгеріні екі рет екі бағытта культивациялады. Мұның өзі гектарынан 200 центнерден өнім алынуына мүмкіндік берді.

Булаев ауданындағы Буденный атындағы колхоздың колхозшылары да жүгеріден көкше күйінде мол өнім жыйнады.

Агроном Н. КОНДРАТЕНКО.

астық тасуды үлгеріп жүр. Ол күн сайын қырмаға 500-600 центнер астық жеткізеді.

Республикамыздың астанасынан облысымызға көп автомашина келді. Солардың бірінде шофер болып Қахармалов және Артомонов жолдастар жұмыс істейді. Олар алғашқы күннен бастап күнделікті жұмыс тапсырмаларын 200 процент орындауға жетісті.

Үздік бригада

Дзержинский атындағы совхозда егін жыйнау шеңбері асты. Мұнда 30-дан астам комбайн агрегаттары жұмыс істеп жүр. Егін жыйнауда Ф. Дыбов жолдас басқаратын трактор бригадасының мүшелері алда келеді. Бригадада егін жыйнау, астық тазарту тәулік бойы ұйымдастырылған. Әсіресе комбайншы И. Цыпкалов басқаларға өнеге көрсетуде.

Т. ЕСЕНОВ.

ЖАРЫСУШЫ ОБЛЫСТАРДА

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ БАРЫСЫ ТУРАЛЫ 20 АВГУСТАҒЫ МӘЛІМЕТ (Жоспардың орындалу проценті)

Қостанай облысы		Солтүстік Қазақстан облысы	
26,4 —	колхоздарда егін жыйнау	— 12,9	
18,3 —	совхоздарда егін жыйнау	— 7,9	
88,8 —	колхоздарда тың көтеру	— 86,3	
94,7 —	совхоздарда тың көтеру	— 84,1	
12,5 —	колхоздарда зябь жырту	— 10,1	
5,4 —	совхоздарда зябь жырту	— 3,9	

Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарының колхозшылары, МТС және совхоз қызметкерлері СОБП XX съезі құрметіндегі социалистік жарысты өрістеті отырып, егін жыйнауды қысқа мерзімде және ысырапсыз өткізу, астық дайындау жоспарын орындау, келесі жылдың егісіне жерді кезінде және сапалы әзірлеу жолында күресуде. Екі облыста да ауылшаруашылық жұмыстарын ұйымшылдықпен, шашпаң қарқынды жүргізіп жатқан бригадалар, колхоздар, МТС-тер мен совхоздар аз емес. Бұл күндері мыңдаған колхозшылар мен механизаторлар қажырлы еңбектің үлгілерін көрсетуде.

Бірақ Солтүстік Қазақстанның көптеген аудандарында дала жұмыстарының барысы баяу және нашар екендігін фактілер айқын көрсетіп отыр. Егін жыйнауды ұйымдастыруда елеулі олқылықтар бар.

Егін жыйнауда Қостанай облысының Солтүстік Қазақстан облысынан едәуір алда келе жатқандығына қарамастан, егін жыйнау жұмыстарының мұнда да қанағаттанғысыз екендігін мойындамасқа болмайды. Колхоздарда егін жыйналған алаңның өсімі соңғы бес күнде небары 6,1 процент ғана болды. Әрбір комбайнмен күн сайын жыйналған егін өткен жылы 11 гектардан келсе, быйыл 9 гектардан аспайды. Егер облыс егінді бұдан былай да осындай қарқынмен жыйнайтын болса, онда егін жыйнауды аяқтауға әлі де 50 күннен аса уақыт керек. Облыста әсіресе астық ысырабына қарсы күрес қанағаттанғысыз болып отыр.

Егін жыйнау Солтүстік Қазақстан облысында кешірісіз баяу. Мұның басты себебі комбайн паркінің қанағаттанғысыз пайдаланылуында. Машина-трактор станцияларында әрбір комбайнның орташа еңбек өнімі 4 гектардан аздап ғана аса-

ды. Бұл жағдай облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшылары мен оның бастығы Коробов жолдасы сергітпей отыр. Олар егін жыйнайтын техникалардың, ең алдымен комбайндардың толық жоғары өнімді пайдаланылуын қамтамасыз етуге тиісінше қажырлық жасамай келеді. Облыстың көптеген озат комбайншылары еңбекті ұйымдастырудың алдыңғы қатарлы тәжірибелерін қолданып жүр. Олар қандай астықты болса да, ауа райының қандай жағдайында болмасын ысырапсыз жыйнауға көмектесетін арнаулы тетіктер де жабдықтады. Баян МТС-нің комбайншысы Социалистік Еңбек Ері Асадулаев жолдас үшінші тазартқышты ойлап тапты. Бірақ механизатордың инициативасы мен оның жадығын қолдануымен облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Коробов жолдас барлық комбайндарға үшінші тазартқышты орнату жөнінде ештеңе істемей отыр. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы комбайнмен егін жыйнаудың басқа да шеберлерінің жұмыс тәжірибелерін тараптайды.

Келесі жылдың жаздық дақылдарына арнап жер дайындау барысының қанағаттанғысыздығы да зор хауш тұрғызып отыр. Екі облыста да осы уақытқа дейін тың және тыңайған жерлерді көтерудің мемлекеттік жоспары орындалған жоқ. Зябь жырту жұмыстарының барысы нашар. Соңғы бес күнде зябьке жыртылған жер мөлшері Қостанай облысының колхоздарында 4,5 процент, Солтүстік Қазақстан облысының колхоздарында 3,6 процент ғана болды. Істің жайы совхоздарда бұдан да нашар. Мәселен, Солтүстік Қазақстан облысының совхоздарында соңғы бес күнде жыртылған зябьтың өсімі небары 2,4 процент.

Мұндай жағдайдың басты себебі мынау: көптеген МТС-тер мен совхоздардың, сол сияқты аудандардың басшылары осы уақытқа дейін ауылшаруашылық жұмыстарын кезекке қою сияқты зиянды әдеттен арыла алмай-ақ келеді. Колхоздар мен совхоздардың көпшілігінде учаскелер жырту үшін уақытында дайындалмайды. Егін даласындағы сабанды жыйнау бөтеледі. Бұл машина-трактор паркінің жалпай тоқтап тұруына әкеліп соғады. Бірқатар аудандарда бригадаларды техникалық жағынан қамту ісін ұйымдастыруда тәртіп орнатылмаған. Зябь жыртуда тракторлардың топтасып жұмыс істеуі нәтижесінде еңбек өнімінің анағұрлым артатындығына қарамастан, көпте-

ген МТС-тер мен совхоздар машиналарды пайдаланудың бұл үздік әдісін аса сылбыр қолданып келеді. Машина-трактор станциялары мен совхоз басшыларының әрбір жеке учаскеге жерді өңдеудің арнаулы әдісін белгілеуді ұзаққа созып отырғандығын да мүлдем тәсілсіз жағдай деуіміз керек. Міне сондықтан да көптеген трактор бригадаларының бригадирлері мен тракторшылары қай жерді қай уақытта қалай өңдеу керек екендігін білмейді.

Зябь жыртудың барысында туып отырған осындай хаушті жағдайға қарамастан, облыстық ауыл шаруашылығы және совхоздар басқармалары, көптеген аудандық партия комитеттері мен аудандық атқару комитеттері кемшіліктерді жою, сөйтіп барлық колхоздар мен совхоздарда жер жырту қарқынның шұғыл күшейту үшін шешуші шаралар қолданбайды. Келесі жылдың егісіне жер дайындауда ұйымшылдықтың жоқтығына және жауапкершіліктің жеткіліксіз болып отырғандығына қарсы Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитеттері мен облыстық атқару комитеттерінің басшылары да жеткілікті күрес жүргізбей келеді.

Қазір республиканың барлық жеріндегідей Солтүстік Қазақстанның егін даласында да мемлекеттік маңызы зор міндет шешіліп жатыр. Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстары партия, совет және ауылшаруашылық органдарының, барлық ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің борышы — барлық мүш-мүмкіншілікті ауылшаруашылық жұмыстарын ойдағыдай өткізуге, партия мен үкімет алға қойған міндеттерді орындауға жұмылдыру болып отыр.

(«Казхстанская правда» газетінен).


Астық тазартуға жұмсалатын шығын үш есе азайды

(ҚазТАГ). «Жизнь» колхозы астық фабрикасына айналды. Шаруашылықтары жыйналатын егіннің көлемі өткен жылдан екі еседен аса ұлғайған. Артель егін орағына үлгілі әзірленді. Мұнда бригадалық қырмандарға қоса орталық жабық қырман салынды, ол тәулігіне 4 мың центнер астық өткізеді. Қырманда автомат таразылар, көптіргіш, триер, «ВИМ»

маркалы екі машина, колхоздың өз өндірісінен шыққан қуатты бес вейлка, көптеген транспортер орнатылған. Барлық механизмдер электр қуатымен жұмыс істейді.

Механикаландырудың нәтижесінде колхоз күн сайын астық тазартуға небәрі 17—20 еңбек күн жұмсайды. Бұл — өткен жылдардан үш есе кем.

ТЕМІРЖОЛ ТРАНСПОРТЫНДАҒЫ ЖАҒАЛЫҚ



Коломенск паровоз жасау заводы 1954 жылы «1—4—4—2» типті жүк тартатын жаңа паровоз жасап шығарды. Паровоздың ең жоғары қуаттылығы 4 мың аттың күшіне тең. Ал паровоздың жүріс жылдамдығы сағатына 90 километрге жетеді.
СУРЕТТЕ: «1—4—4—2» типті жүк тартатын жаңа паровоз. (ТАСС-тың фотохроникасы).

С О В Е Т Қ Ұ Р Ы Л Ы С Ы

ЕҢБЕКШІЛЕРДІҢ ТҰРМЫСТЫҚ ҚАЖЕТІН ӨТЕУ— СОВЕТТЕРДІҢ ТӨЛ ІСІ

Облыс еңбекшілері партияның XX съезі құрметіндегі социалистік жарысқа қызу ұштасып, шаруашылықтың барлық саласында қажырлы еңбек етуде. Өнеркәсіп пен транспортта, колхоз, совхоз өндірісінде социалистік жарыс озаттарының қатары күн санап артып келеді. Мұның өзі совет адамдарының өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын өрге бастыру жөніндегі мақсатын білдіреді.

Өндірісте қажырлы еңбек етіп, Отан игілігіне зор үлес қосып отырған облыс еңбекшілерінің талғауы ауыртпалық. Өйткені олар өздерінің күн санап өсіп отырған материалдық және мәдени тұрмысын барған сайын жақсартуға бергісі келеді. Бұл орынды да. Әңгіме ауылдық, селолық, поселкелік Советтердің еңбекшілердің бұқара ұйымы ретінде совет адамдарының осы қажетін ойдағыдай өтеуінде болып отыр.

Рас, сайлаушылардың аманаттарын орындай отырып, еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтері ауыл-село-ларды көркейтуді, еңбекшілердің басқа да қажетін өтеу жөнінде бірқатар шараларды жүзеге асырды. Бйылдың өзінде көптеген селолық, ауылдық жерлерде, әсіресе тың және тыңайған жерлердегі жаңа совхоздарда жүздеген пәтер үйлер, оншаған мәдени-ағарту мекемелерінің үйлері салынып, пайдалануға берілді. Осы сияқты жергілікті Советтер мен олардың депутаттарының инициативалары бойынша колхоздар мен совхоздардың көшелеріне екіе ағартар отырғызылып, жөгілдандырылды, еңбекшілердің ауыз-суы үшін құдықтар қазылып, мөншалар салынды.

Бірақ еңбекшілердің тұрмыстық қажетін өтеу жөніндегі бұл жұмысқа тиісті де масаттануға болмайды. Өйткені кейбір

ауылдық, селолық Советтердің атқомдері әлі де болса еңбекшілердің тұрмыстық қажетін өтеу ісіне немқетті қарап келеді. Мәселен, Совет ауданындағы Ивановка селолық Советін алайық. Ол аудандағы ірі Советтердің бірінен саналады. Селолық Совет екі іріленген колхоздың және Сартомар МТС-нің елді пункттерін қамтыйды.

Оның қамтуындағы елді пункттерде жүздеген колхозшылар мен жұмысшылар және қызметшілер еңбек етіп жүр. Олар өздерінің тұрмыстық қажеттерін өтеу жөнінде жергілікті Советтің алдында толғағы шекен мәселелер қойып та келеді. Мәселен, «Красное поле» колхозының колхозшылары мен осы колхоздың орталығы—Ивановка селосында тұратын МТС жұмысшылары жергілікті Советтердің өткен сайлауы жөнінде Советтердің депутаттарына бірқатар аманаттар тапсырды. Атап айтқанда, олар колхозды селоның көшелеріне екіе ағартар отырғызып, жөгілдандыруды, Наурыз, Үлгі бригадаларын радиоландыруды, село еңбекшілері үшін құдық қазуды сұрады. Жергілікті Советтердің сайлауы өткеннен бергі екі жылға жуық уақыт ішінде бұл аманаттардың орындалуы жоқтың қасы.

Депутаттар—селолық атқом председателі Х. Ыбраев, «Красное поле» колхозының председателі Ильященко, Сартомар МТС-нің директоры Макаров жолдастар сайлаушылардың аманаттарын жүзеге асыруды ұйымдастырудан мүлдем тыс қалған деуге болады. Ивановка селосында еңбекшілердің ауызсуы үшін бірде-бір құдық қазылмаған. Село еңбекшілері батпаққа батып, көпірі жоқ көлден су алуға мәжбүр болып жүр. Колхозшы шаруалар мен МТС жұмысшылары тым болмаса су алатын көлге көпір салудың қажеттілі туралы

бірнеше рет әңгіме көтерді. Бірақ не пайда, бұл жөнінде МТС директоры Макаров жолдас өзінің орынбасары Кузнецов жолдасқа, ал Кузнецов станцияның жұмысшылар комитетінің председателі Хмельков жолдасқа нұсқау берумен тыныш келді. Сөйтіп, нақтылы іспен ешкім шұғылданады.

—Басшылар өздері қамтамасыз етілген соң, басқаларды қайтсін,— деп қынжылады МТС жұмысшылары. Бұл шындықта осылай өкен. МТС-тің басшы қызметкерлері, соның ішінде Макаров, бас агроном Кузнецов және басқалары станцияның бір жүк машинасын пайдаланып, сегіз шақырым жерден өздері үшін су алдыратын көрінеді.

Селодағы бұл жағдай тек жоғарғы ұйымдардың қайта-қайта ескертуімен ғана соңғы кезде қолға алынып жатыр. Көзір село еңбекшілері үшін су алатын көлдің көпірі түзетілуде. Ал, басталған істі табысты аяқтау үшін аудандық Совет атқомінің бақылау ісін күшейтуі керек.

Бір көмшілік селолық Совет еңбекшілердің қажетін өтеу жөніндегі 2 мың сомнан астам қаржыны пайдалана алмай отыр. Егер еңбекшілер депутаттары селолық Советінің председателі Ыбраев жолдас жұмыста инициатива көрсетіп, депутаттардың бөлсенділігін арттырған болса, сайлаушылардың аманаттарын өтеуде бірқатар шаралар жүзеге асырылған болар еді. Мұны Ыбраев жолдас ескеруге тиіс.

Б. МЫРЗАЛИН,

Облыстық Совет атқомі председателінің жанындағы кадрлар секторының меңгерушісі.



Ақтөбе облысы, Жақсымай мұнай промыслінде оператор Мұқаш Айтқұлов қажырлы еңбек етіп, бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы жарыста өзінің алған міндеттемесін аброймен орындап жүр.

СУРЕТТЕ: М. Айтқұлов жолдас жұмыс үстінде.

(ҚазТАГ-тің фотохроникасы).

Ертеде керуен жүрген жолдарда

ОРАЛ, (ҚазТАГ). Орал өзені Европа мен Азияны бөліп тұрған шекара болып табылады. Оралдың тұрғылықты халықтары өзеннің азиялық жағасын Бұқар жағасы дейді. Бұл ат осы арқылы ерте кезде керуен жолы өткен ерте заманнан бері сақталып келеді.

Көзір ерте замандарда керуен жолы болған жерлерде күні-түні мотор үні басымайды. Оралдың машина-жол станциясының механизаторлары Орал мен Жымпиты арасындағы ұзындығы 150 километр болатын астық тасылатын жол салып жатыр. Жаңа автомобиль жолы облыс орталығын жүздеген мың гектар тың игеріліп жатқан ауданмен жалғастырады. Жол салу жұмыстары толық механизацияландырылған. Жолдың табанын жетілдірілген трейдер-элеватор әзірлейді. Ол 50 адамның жұмысын атқарады.

Жел күші ауыл шаруашылығына пайдаланылсын

АҚМОЛА, (ҚазТАГ). Облыстың ауыл шаруашылығында желдің күші барған сайын кеңінен қолданылуда. Сөйтіп, екі

Астықты ысырапқа ұшырапқа қарсы күрес күшейтілсін

Елімізде астық молшылығын жасау міндетін жүзеге асыруда егін жыйнау мен астық дайындау науқанын үлгілі өткізудің, атап айтқанда, барлық дақылдың егінін ешқандай ысырапқа ұшыратпай, ең қолайлы және қысқа мерзімде жыйнап алудың зор маңызы бар. Егінді қысқа мерзімде, ысырапсыз жыйнап алу мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын және артығымен орындап шығуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, бұл әрбір колхоз бен совхоздың тұқымды толық қуып алуына, колхозшылардың еңбеккүнине көп астық берілуіне, МТС, совхоз жұмысшыларының табыстарын молайтуға жағдай жасайды. Мұны озат колхоздар мен совхоздардың тәжірибесі айқын көрсетіп келеді.

Көзір біздің облыста егін жыйнау мен астық дайындау науқаны күннен-күнге қыза түсіп отыр. Демек, озат колхозшылар мен МТС, совхоз жұмысшылары барлық дақылдың егінін ысырапсыз жыйнап алу жолында қажырлылықпен еңбек етуде. Мысалға Қонюхов ауданындағы «Красная крепость» колхозын алайық. Бұл колхоз егін жыйнауға тығымды әзірлікпен кірісіп, оны үлгілі өткізуде. Колхозшылар және бұл колхозды қамтитын Чистяк МТС-нің механизаторлары жұмысты тығыз ынтымақпен істейді. Комбайн агрегаттарында, қырмандарда, сондай-ақ қоймаларда механизаторлардың, колхозшылардың еңбегі дұрыс ұйымдастырылған. Әрбір колхозшы мен механизатор өзіне жүктелген міндетке жауаптылықпен қарайды. Олар аңызда, қырманда, сондай-ақ қоймада астықтың ысырап болуына жол бермейді.

Астық ысырабына қарсы күрестің инициаторы болып келе жатқандардың бірі—Ұзынкөл совхозының комбайншылары Н. Прожерка, Е. Яров, А. Кнор жолдастар. Бұл жолдастар партиямыздың XX съезі құрметіндегі социалистік жарысқа қосыла отырып, егінді ысырапсыз, қысқа мерзімде жыйнап алу жөнінде өздеріне көтерілген міндеттеме алған болатын. Көзір олар алған міндеттемелерін аброймен орындап келеді. Комбайншы Прожерка жолдас тіркеудегі «Сталинец-6» комбайнмен міндеттеме бойынша күніне 45 гектар егін жыйнау орнына, 56 гектар егін жыйнап жүр. Ал Яров, Кнор жолдастар міндеттемелерінде көрсеткен 30 гектардың орнына, 40 гектардың егінін жыйнауда.

Облысымыздың егін даласында осы сияқты жақсы көрсеткіштермен бірге, елеулі кемшіліктер де орын теуіп отыр. Жекелеген колхоздар мен совхоздарда егін жыйнаудың, мемлекетке астық тапсыру

тура жұмған аузын ашпай, көп астықты ысырап етіп қылмыс істеген комбайншыға ымырашылдық жасап жүр.

Ленин ауданы, Молотов атындағы колхозда жұмыс істейтін комбайншылар Завертаев, Шарахутдинов жолдастар комбайнның жүру жылдамдығын мөлшерден асырып жіберіп, егінді аласа немесе биік учасоктерге комбайнды бейімдемей жүргізіп келген. Осы себепті бұлар жыйнаған егіннің әрбір гектарынан 70 килограмнан астық ысырап болған.

Мамлют ауданы Калинин атындағы колхозда жақсы жабықталған бірде-бір қырман жоқ. Бұл колхоздың қырмандағында астық тау-төбе болып үйіліп жатыр. Олар кезінде тазартылмай, қабылдау пункттеріне жөнелтілмегендіктен жауынға тиіп бүлінуде. Бірақ бұл жағдай колхоз басшыларының, әсіресе колхоз председателі Маслий жолдасы қынжылтпайтын көрінеді.

Астық ысырабына қарсы күрес Маленков атындағы совхозда (директоры Лизунов) тиісті нашар. Мұнда алғашқы жыйналған 252 гектар бидайдың әрбір гектарынан 119 килограмнан, ал екінші бір учасоктегі 359 гектар бидайдың әрбір гектарынан 159 килограмнан астық ысырабы болуына жол берілген. Бұл істе, әсіресе комбайншылар Грецкий, Кузнецов, Макаров жолдастардың кінәсі көп. Олар егінді таза жыйнауға көңіл бөлмей, егін жыйналды деген алаңның көлемін көбейтумен ғана өуестенген.

Мұндай өрескел фактілер облыстың едәуір колхозлары мен совхоздарында бар. Мұның өзі жергілікті партия, совет ұйымдарының, колхоз, МТС, совхоз басшыларының астық ысырабына қарсы күресті күшейтуін, ысырапқа жол берушілерінің ымырашылдық жасамауын керек етеді. Астық ысырабына қарсы күрес тек құлылар алып, бұйрықтар жазу, нұсқау берумен ғана шектелмеуге тиіс. Ысырапқа қарсы күреске бүкіл жұртшылықтың назары аударылуы, барлық күш-мүмкіншілік егінді қысқа мерзімде жыйнап алуға жұмылдырылуы керек.

Редакцияға түскен хабарларға қарағанда, кейбір колхоздар мен совхоздарда піскен егін кезінде жыйналмағандықтан оның дәні сабақта тұрып түсіп жатқан көрінеді. Сонымен қатар, қырмандарда, қоймаларда болған ысырап та аз емес. Комбайнның бункерінен алынған астықтың және қырмандағы астықтың есебі дұрыс жүргізілмейтін болған. Мұның барлығы, сөз жоқ, астықтың ысырап болуына әкеліп соғады. Сондықтан колхоз, МТС, совхоз басшылары аңыздарда, қырмандарда, астық қабылдау пункттерінде еңбектің тү-

Депутаттардың инициативаларын үнемі қолдап отырайық

Бұқараның зор сеніміне бөленген депутаттар Советтердің шаруашылық-ұйымдық және мәдени-тәрбие жұмысына белсене қатысып келеді. Облысымызда советтердің көптеген депутаттары партия мен үкметтің алға қойған міндеттерін жүзеге асыру жолында өнеге көрсетіп жүр. Бұл жөнінде айтарлықтай мысалдар келтіруге болады.

Ленин аудандық Советінің депутаты В. С. Саутина жолдас бұқарашылық-ұйымдастыру жұмыстарына үнемі қатысып, аудандық Совет атқомінің мәжілістерінде және сессияларда сөз сөйлеп, жұмысты ұйымдастыру жөнінде бағалы ұсыныстар

магазин салу, құдықтарды жөндеуді ұйымдастыру жөнінде бірсыпыра аманаттар тапсырған болатын. Шнур жолдасының инициативасы бойынша бұл аманаттардың барлығы дерлік жүзеге асырылды. Көзір селода жаңа магазин, колхоз кітапханасы жұмыс істейді. Депутат бұл аманаттардың жүзеге асырылуына оңай жетісе алған жоқ. Селода құрылыс материалдары болмады. Шнур жолдас облысымыздан басқа жерлерде де болып, қажетті құрылыс материалдарын іздестіріп тапты. Оның қажырлы еңбегін колхозшы шаруалар жоғары бағалады. Буденный атындағы колхоздың колхозшылары мол

колхоздың жылдық табысының 30 проценті овоцтан түскен кіріс болды.

Осы сияқты Иртыш ауданы, Ново-Михайловка селолық Советінің депутаты Ольга Лысенко жолдас та сайлаушылардың зор құрметімен пайдаланып келеді. Ол өзі өндірісте еңбек үлгісін көрсетуген бірге, колхозшылар арасында еңбек тәртібін нығайту және өндірістік жоспарларды орындау жөнінде әңгімелер өткізіп, колхоз басшыларына зор көмек көрсетеді. Лысенко жолдасының инициативасы бойынша егіс бригадасында балалар ясли ұйымдастырылды. Сайлаушылар өздерінің жеке мәселелері жөнінде де Лысенко

...сүт сауу жөнінде өзіндік тәжірибесімен ауысады. Ауылшаруашылық озаттарының аудандық кеңесінде ол «сүт саууда жоғары көрсеткіштерге қалай жетісу керек» деген тақырыпта баяндама жасады. Саютина өткен 9 айда әрбір сауын сыйырдан 1690 литр сүт сауды. Ол өзінің жұмыс өдісін басқаларға үйретіп жүр. Саютинаның инициативасын қолдай отырып, Бурманова, Пальщикова және басқа бірқатар сауыншылар да осы уақыттың ішінде әрбір сауын сыйырдан 1280—1340 литрден сүт саууға жетісті.

Ирма Шнур жолдас Пришим ауданы, Боголобово селолық Советінің депутаты. Ол селолық Советтің сессияларында, селә еңбекшілерінің алдында жиі баяндама жасап, сайлаушылармен байланысын нығайтты. Сайлаушылар оған селода жаңа

жолдаспен өзіндік жашы жыйналысында Шнур жолдасын кандидатурасын колхоз председателдігіне бірауыздан атады.

Біздің депутаттарымыз жұмыстағы кемшіліктерге төзбеу қасиетіне ие болып келеді. Петропавл ауданы, Березовка селолық Советінің депутаты, «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының өгөрод бригадасының бригадирі М. Ткаченко жолдас селолық Советтің сессиясында сөз сөйлеп, оның шаруашылығына немқетті қарағаны үшін колхоз председателі мен атқару комитетінің председателін қатаң сынаған-ды. Сессиядан кейін депутаттың ұсынысы бойынша оның дақылдарын суару ісі механикаландырылды. Осының нәтижесінде өткен жылы колхоз оның өкістерінен мол өнім жыйнады. Демек,

жолдаспен әңгімелесіп, оған кеңес алып отырады. Бір кезде ерлі-зайыпты Головакалардың арасында реніш туып, әңгіме олардың айрылысуына дейін барды. Депутат ерлі-зайыпты бұл екеуімен әңгімелесіп, өзінің ақылын айтты, оларды тегістерді.

Дегенмен барлық жерлерде депутаттар өздерінің халық алдындағы борышын аброймен толық өтеп жүр деу қиын. Бірқатар депутаттар сайлаушылар арасында сирек болады, өндірісті ұйымдастыру мәселесінде инициатива көрсетпейді. Еңбекшілер депутаттары ауылдық селолық Советтерінің міндеті шаруашылық және мәдени құрылыстың барлық саласында депутаттардың инициативаларын үнемі қолдап, олардың белсенділіктерін арттыра беру болып табылады.

Ж. ҚҰРМАНҒАЛИЕВ.

...жолдаспен өзіндік жашы жыйналысында Шнур жолдасын кандидатурасын колхоз председателдігіне бірауыздан атады.

Шортанды ауданының Ленин атындағы ауылшаруашылық артелиде Тельман атындағы МТС-тің механизаторлары жаңадан екі жел двигателін орнатты. Олар шеген құдықтардан сағатына 10 текшеметр су тартып шығарады. Желдің күшін пайдалану шаруашылықтың бір жылда 2 мыңға дейін еңбеккүн үнемдеуіне мүмкіндік береді, мал шаруашылығы өнімінің өзіндік құнын арзандатады.

Отардағы мал шаруашылығы учасктерінде жел-электр станциялары орнатылып жатыр. Жылдың аяғына дейін Ақмола даласында жел-электр қуатымен жұмыс істейтін 200-дей қондырғылар болады.

...дың барысы төзгісіз баяу. Оның үстіне оларда астықтың ысырап болуына жол берілуде.

Булаев ауданындағы «Страна Советов» колхозында егін жыйнаудың қарқыны тым баяу. Мұнда көп өгіннің дәні сабақта тұрып, түсіп жатыр. Булаев МТС-нің осы колхозда жұмыс істейтін комбайншысы А. Ефимов жолдасын күн сайын тапсырманы орындамайтынын айтырғанын өзінде, ол комбайнның хедерін аласа өскен егінді жыйнауға бейімдемей, егінді шала орып жүр.

Преснов МТС-нің комбайншысы Воронаев жолдас «Прибой» колхозында жұмыс істейді. Оның өз ісіне жауапсыз қарауының салдарынан жыйналған әрбір гектар егіннен 141 килограмнан астық ысыраққа ұшыраған. Бұл жағдайды колхоз председателі Черников жолдас біле

...рыс ұйымдастырылуына баса назар аударатын болулары қажет. Егінді ысыраққа ұшыратпай жыйнауға, астықты шаппай-төкпей тасуда, әсіресе комбайншылар мен шоферлар зор роль атқарады. Олай дейтініміз жұмыстың көп және негізгі саласы осыларға байланысты. Сондықтан әрбір комбайншының, шофердің өз ісіне жауаптылықпен қарап, олардың жүктелген абройлы міндетті адалдықпен үлгілі орындауларына жетісу керек.

Астық—ел ырысы. Егінді ысыраққа ұшыратпай жыйнап алу—бүкілхалықтық іс. Әрбір егіншінің елімізде астық молшылығын жасау күресіне осы тұрғыдан қарап ел ырысына өзінің қажырлы еңбегі арқылы үлесін қосуы қажет. Бұл—әрбір колхоз бен совхозда бірде-бір килограмм астықтың ысырап болуына жол бермеу керек деген сөз.

ССРО халықтарының достығы—социалистік интернационализм идеяларының жүзеге асуы

Жұмысшы табының идеологиясы және саясаты болып табылатын социалистік интернационализм бүкіл еңбекші адамзат ісіне белсенді қызмет етеді. Тарихтың даму тәжірибесі туысқандық байланысты, еңбекшілердің достығын, олардың бостандық үшін, социализм үшін күрес жолында қиын бірлігін орнату қажет екендігін көрсетіп отыр.

ССРО-да Октябрь революциясының жеңісі және социализмнің құрылуы, халықтық демократия елдерінде еңбекшілердің өкмет билігін алуы, ССРО, Қытай Халық Республикасы, барлық халықтық демократиялық елдер болып халықаралық қуатты социализм лагерінің құрылуы пролетарлық интернационализм идеясының нағыз салтанаты болды.

Социалистік интернационализм идеологиясы маркстік-лениндік ілімнің бөлінбес бөлегі, барлық елдердің коммунистік және жұмысшы партиялары жұмысының аса маңызды принциптерінің бірі болып табылады.

Социалистік интернационализм буржуазиялық ұлтшылдық идеологияға тікелей қарама-қарсы. В. И. Ленин буржуазиялық ұлтшылдық және пролетарлық интернационализм бір-біріне қарама-қарсы қоғамдық екі талқа—буржуазия мен пролетариат табына сай келетін бір-біріне жат екі ұран екендігін атап көрсетті. Олар, бұл ұрандар ұлт мәселесінде де екі саясатты, екі көзқарасты білдіреді.

Буржуазиялық ұлтшылдық халықтардың арасын айыру ісіне қызмет етеді. Капитализм тұсында халықтардың мемлекеттердің қарым-қатынастары, әдетте, теңсіздік негізде құрылады. Капиталистік дүниеде қанаушылардың таптық құлқындарлығы салдарынан ұлттық алауыз

дық, көпшілік еңбекшілер мен қанаушы азшылық арасында қайшылық өмір сүріп келеді. Буржуазиялық ұлтшылдық халықтардың бейбіт қарым-қатынас жасау мүмкіндігін, олардың еркін-еркін дамуын бекерге шығарады.

Интернационалистер, бұған қарама-қарсы, халықтардың бейбіт қарым-қатынас жасауынан, олардың өзара көмегімен барлық қоғамдық өмірдің прогресс жолымен дамуының кепілін көріп отыр. В. И. Ленин былай деп жазды: «Ескі дүниеге, ұлттық өзін-жаншу, ұлттық өшпенділік немесе ұлттық оқшаулану дүниесіне, жұмысшылар барлық ұлттар еңбекшілері бірлігінің жаңа дүниесін, ешбір артықшылыққа, адамды адамның ешқандай езуіне орын жоқ дүниені қарама-қарсы қояды». (Шығармалары, 19 том, Қазақша баспауының 75-беті).

Біздің елімізде ұлт мәселесін шешудің практикасы, халықтардың мызғымас достыққа негізделген көп ұлтты Советтік мемлекеттің құрылуы социалистік интернационализм принципінің айқын айғағы болды.

Коммунистік партия өзінің бүкіл даму дәуірінде лениндік ұлт саясатын табандылықпен және дөбектілікпен жүзеге асырып келеді. Біздің партиямыздың программалық маңызды талаштарының бірі—ұлттардың өзін-өзі билеу талабы, ұлттық алауыздықты және халықтардың арасындағы сенімсіздікті жою, оларды туысқандық бір семьяға топтастыру талабы болды. Партия әртүрлі ұлттық еңбекшілерін бірлікке және оларды таптық мақсаттарының бөлінбейтіндігіне, интернационалдық сезімге қажымай тәрбиеледі, өйткені ескі дүниенің күшін бірлесіп қана жеңуге мүмкін болар еді.

Социалистік революцияның жеңуі нә-

тижесінде біздің елімізде ұлттық езушілік, ұлттық артықшылық жойылды, халықтардың толық тең праволылығы орнатылды, ұлттардың бөлінгіп шығып, дербес мемлекет құруға дейінгі өзін-өзі билеу правосын жүзеге асырудың нақтылы жолы ашылды.

Совет мемлекеті өзінің ең маңызды негіздерінің бірі ретінде саяси, шаруашылық және мәдени өмірдің барлық саласында да халықтардың тең праволылығын жариялады. Коммунистік партия біздің еліміздің көптеген еңбекшілерінің туысқандық қарым-қатынас жасау саясатын жүргізе отырып, бұрын артта қалған халықтарды жан-жақты өркендетуге және көтеруге бағыт алды. Елді индустриализациялау, ауыл шаруашылығын коллективтендіруді жүзеге асыру, мәдени революция жасау барлық советтік ұлт республикаларының экономикасы мен мәдениетін өркендетуге шешуші ықпалын тигізді. Бұрын өнеркәсіп орындары мүлдем болмаған Өзбекстанда, Қазақстанда, Кыргызстанда және басқа да республикаларда Совет өкметі жылдары ішінде социалистік индустрианың ірі кәсіпорындары—металлургия және машина жасау заводтары, шөмір шахталары, рудниктер салынды. Жазық далаға, шөлге, тау жоталарына темір жолдар, автомобиль магистральдары төсеңді.

Орта Азияның басқа республикаларында, Закавказьеде үлкен өзгерістер болды. Олардың көпшілігі соғыстан бұрынғы бесжылдықтардың өзінде-ақ алдыңғы қатарлыларға, мықтап өркендеген өнеркәсібі мен механикаландырылған ауыл шаруашылығы бар индустриалды-аграрлы республикаға айналды. Бұрын жетпен мен ағаш соқа негізгі құрал болған егін далаларында өзін қуатты тракторлар мен

өздігінен жүретін комбайн колонналары жұмыс істейді.

Сонымен, біз совет жерінің қай шетін болмасын алсақ та, қай халықтың болмасын өмірімен таныссақ та, барлық жерде де совет халықтары жаңа табыстарға жетуде. Жаңа, социалистік өмір Закарпатья селоларына да, Днестрдің аржағындағы Молдавияның шаруаларына да келді. Литваның, Латвияның, Эстонияның халықтары зор ынтымақтағы советтік семьяға қосылды. Украинаның, Белоруссияның халықтары өздерінің мемлекетіне қайта қосылды. Совет халқының туысқандық көмегімен одақтас жаңа республикалар қысқа мерзім ішінде индустриализация жолында ілгері басты, шаруалардың ұсақ шаруашылығын колхоз шаруашылығы жолына көшіруді жүзеге асырды.

Совет халқының мәдени құрылысы саласында да қол жеткен табысы орасан зор. Жұртқа мәлім, ССРО-ға кейіннен енген көптеген халықтардың мәдени дәрежесі мүлдем төмен болатын. Тіпті олардың көпшілігінің өз жазбасы да болмады. Кәзір Совет Одағының барлық халықтары өз мәдениетін—түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетін құруда. Совет құрылысы жағдайында 48 ұлт өзінің жазбасын жасады. Бұрын ана тілінде мектеп болмаған жерлерде көптеген жаңа мектептер ашылды, барлық адам үшін ғылымға, мәдениетке кең жол ашылған.

ССРО халықтары тығыз ынтымақта бір-біріне көмектесе отырып, коммунизмнің материалдық-өндірістік базасын жасауда. Волгада, Камада, Анкарада электр станцияларын тек қана орыс халқы салып жатқан жоқ. Бұлар—Совет Одағының барлық халықтары салып жатқан құрылыс болады. Қазақстан еңбекшілері дөңді дақылдар үшін тың және тынайған жерлерді кең көлемде игеруде. Бұл үлкен істе қазақ халқына басқа халықтар көмек көрсетуде.

Советтік республикаларда экономика мен мәдениеттің гүлденуі—халықтардың тең праволылығы және достығы идеоло-

гиясы, пролетарлық интернационализм идеологиясы жеңісінің күзесі. Коммунистік партия мен Совет Үкметі әртүрлі совет халықтарының арасындағы қарым-қатынас социалистік интернационализм принциптері негізінде құрылуы үшін барлық шараларды қолданып келеді. Советтік қоғамда бір халық басқа халықтан артық правоға, артықшылыққа ие бола алмайды. Бостандықтары бір халық бостандықтары басқа халықты қанамай алмайды. Бұл барлық негізге, советтік құрылыстың өмір сүруінің өзіне қайшы келер еді. Біздің партиямыз еңбекшілерді ілтипаттылық, ұқыптылық рухында, бір халықтардың басқа халықтармен жолдасстық қатынаста болуы рухында тәрбиелеп келеді. Ұлы Ленин бұрын ұлттық езушілікке және ұлттық тәуелсіздікке болған халықтарға ұқыпсыз қатынас, қысым жасауға жол беруге болмайтындығына үйретті. Советтік құрылыс жағдайында әрбір ұлт, әрбір кіші халық қандай да болмасын жөбіршілік көрмейді. Әрбір советтік ұлттың, халықтың, талабын толық ашуға барлық мүмкіншілігі бар.

Коммунистік партия совет жұмысшы табының интернационалдық міндеттерін тынбастан түсіндіріп, ұлттық қатынас мәселесін байыптылықпен шешуге үйретіп келеді, ескі, буржуазиялық-помещиктік Россияда қанаушы таптар мен олардың партиялары орнатқан ұлы державалық шовинизм мен жергілікті ұлтшылдықты әшкереледі және түп-тамырымен жойды. Сонымен бірге, партия ұлт мәселесіндегі түрлі бұрмалаушылықтарға және уклондарға қарсы батыл күрес жүргізді. «Қандай түсті болса да ұлтшыл-уклонистерді қырайшайыпшына, —дөлінген «ВК(б)Ш тарихының қысқаша курсына», —біз халықты интернационализм рухында тәрбиелей алмаған болар едік, ССРО халықтарының ұлы достығын мықтап ұстап тұра алмаған болар едік, Советтік Социалистік Республикалар Одағын құра алмаған болар едік». (366-бет).

Буржуазиялық ұлтшылдықтың қандай да болмасын көріністеріне қарсы, лениндік интернационализм жолынан талға қарсы күрес, барлық еңбекшілерді социалистік интернационализм рухында тәрбиелеу жөзірдің өзінде де біздің партиямыздың ең маңызды міндеттерінің бірі болып отыр.

Біздің қоғамымыздың өмірін негізінен өзгерткен әлеуметтік-экономикалық үлкен өзгерістердің барысында ескі, буржуазиялық ұлттардың орнына елімізде жаңа, социалистік ұлт қалыптасты, нығайды. Оған басқа халықтарды қанау, ұлттық араздық, қастандық идеологиясы мүлдем жат. Социалистік ұлттың туына бірлік, бейбітшілік, достық ұраны жазылған. Социалистік ұлттар интернационализм идеясын дөбектілікпен жүзеге асырушылар.

Буржуазия, жұртқа мәлім, ұлттардың арасындағы күресті тарихтың «жаюға болмайтын» заңы деп дәлелдеуге үнемі тырысып келді және тырысып та отыр. Жеке меншіктілікке және адамды адамның қанауына негізделген қанаушы қоғамда осылай болып отыр, өйткені капиталистік өндіріс қатынастары халықтарды жүйке бөліп, олардың арасына қайшылық қоздыруда.

Маркстік-лениндік ілім ұлт мәселесі экономикалық жағдайлармен, қоғамның бүкіл даму жолымен анықталады деп үйретеді. Ал, тарихи тәжірибе де мұны көрсетіп отыр. Социалистік қоғам жағдайында еңбекшілердің жашы және ұлттық міндеттері мен мүдделерін есепке алу негізінде, халықтар арасында достық қатынастар орнатуға барлық мүмкіншілік турғызылған. «Великоростардың ұлттық мақтаншылығы (малайларша түсінілген емес) мүддесі, —деп жазды В. И. Ленин 1914 жылдың өзінде, — великоростық (және барлық басқа) пролетарлардың социалистік мүддесімен үйлеседі. (Шығармалар, 21-том, 96-бет).

Ертең мектептерде жаңа оқу жылы басталады

Сын және өзара сынсыз өтті

Қала мұғалімдерінің жуырда болып өткен август кеңесінде мектептердің бүгінгі таңда алда тұрған міндеттері талқыланды. Кеңеске қатысушылар «1954—1955 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындылары және 1955—1956 оқу жылындағы міндеттер туралы» қалалық оқу бөлімінің меңгерушісі Дегтяренко жолдастың баяндамасын, «Оқушылардың саналы тәртіптілігін нығайту шаралары туралы» қалалық оқу бөлімінің инспекторы Полищук жолдастың қосымша баяндамасын тыңдап талқылады. Сол сыяқты кеңесте қалалық оқу бөлімінің инспекторы Гуськова жолдама жаңа оқу жоспары туралы хабарлады.


Өткен оқу жылы ер және қыз балаларды біріне оқыту жөніндегі ССРО Министрлер Советінің қаулысын жүзеге асырудың алғашқы жылы болды. Қала мектептері бұл шараны жүзеге асыруда бірқатар табыстарға жетті.

Дегенмен өткен жылдың оқу қорытындысы қала мектептерінде оқу-тәрбие жұмыстарын ойдағыдай ұйымдастыруда әлі де болса көптеген кемшіліктер бар екендігін көрсетті. Мәселен, мектептердегі дәгерім көрсеткіші 1953-1954 оқу жылындағыдан төмен болды. Оның үстіне оқу жылы ішінде 238 бала мектептен қол үзді. Олардың басым көпшілігі бұл күндері ең жерде жұмыс істемейді. 1500-ден астам оқушы күзгі сығға немесе аласында екінші жыл қалдырылды.

Жас ұрпақтарды еңбекке баулу, олар үшін мектептерде политехникалық оқуды ойдағыдай жүзеге асыру жұмыстарында да кемшіліктер кездесті. Мектептердің өнеркәсіп орындарымен байланысы нашар болып отыр.

Айта кету керек, Дегтяренко жолдас өзінің баяндамасында қол жеткен табыстар мен кездескен кемшіліктерді тізіп айтудан гана тыныш, оларға толық талдау жасамады. Өткен оқу жылы мектептен қол үзген балалар туралы ол тек құрғақ цифрды айтумен тынды. Бұл жөнінде өз міндеттеріне немқетті қараған мектеп басшыларын сынамады. Сол сыяқты осы уақытқа дейін жөндеу жұмыстарын аяқтай алмай отырған № 5, № 6 орта мектептердің жұмысындағы кемшіліктің сырын ашпады.

Қала мектептерінде өз жұмыстарын көзірші талаптарға сай жүргізіп отырған мұғалімдер, немесе жас ұрпақтарды тәрбиелеуге үстірт қарайтын оқытушылар жоқ емес. Бірақ Дегтяренко жолдас өз баяндамасында оқушылардың іс әдістерін насихаттау, оқушыларды тәрбиелеу жұмыстарын нашар жүргізіп отырған мұғалімдердің кемшіліктерін ашу сыяқты іс-



Облыстық оқу бөлімінің комиссиясы Мамлот поселкесінің орталығында жаңадан салынған жетіжылдық мектеп үйін қабылдап алды. Мектеп үйінің құрылысын оқу министрлігінің жобасы бойынша облыстық оқу бөлімінің прорабтық участогі жүргізді. Онда 8 класс бөлмесі, физикалық және химиялық лабораториялар, пионерлер бөлмесі және кітапхана бар. Барлық кластар мен бөлмелерге жаңа мебельдер қойылған. Мектеп электрлендірілген және радиоландырылған.

СУРЕТТЕ: 1. Мамлотқадағы жетіжылдық жаңа мектеп. 2. Комиссия жаңа класты қабылдап алып тұр. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Жаңа оқу жылы ойдағыдай басталады

Ө. СЕЙТБЕКОВ,
облыстық оқу бөлімі меңгерушісінің орынбасары



терде физика, математика, химия пәндерінің оқытушылары жетіспеді. Соның салдарынан бұл пәндерден сабақ беретін көптеген мұғалімдер аптасына 38—40 сағатқа дейін сабақ беріп жүрді. Бұл олардың тынығуларына, мектептен тыс жұмыстармен шұғылдануларына және оқушыларға сапалы білім берулеріне едәуір бөгет болды. Үстіміздегі оқу жылында өткен оқу жылындағы бұл кемшіліктерді еске ала отырып, мектептерді педагог кадрлармен толықтыруға ерекше көңіл бөлініп, облысымыздың барлық мектептеріне жаңадан бірнеше мұғалімдер жіберілді. Мұның мектептердегі оқу-тәрбие жұмысының жақсара түсуіне көмектесетіндігі сөзсіз.

Үстіміздегі оқу жылында жалпыға бірдей міндетті оқу заңын жүзеге асыру мақсатында бірнеше орта және жетіжылдық мектептер жанында 27 интернат болуы керек еді. Оның онекісі бұрыннан жұмыс істеп келе жатқан болатын. Ал быйылғы жылы ашылуға тиісті 15 қосымша интернаттың көзірші кезде он бірі ғана жаңа оқу жылына толық өзір. Бұл иті істің қажетті маңызына Соколов аудандық оқу бөлімі (меңгерушісі Серебряков жолдас) пен Полудин аудандық оқу бөлімінің (меңгерушісі Востриков жолдас) жете мән бермеулерінің салдарынан бұл аудандарда жоспардағыдан бірде-бір интернат ұйымдастырылмай қалып отыр.

Халықшаруашылық жоспарына сәйкес 1955 жылдың 1 септябрінен бастап бар-

түгелдей жетіжылдық оқумен қамту, ал облыс орталығында 8—10 кластарда оқуға тиісті оқушылар мен арнаулы мамандық беретін орта дәрежелі оқу орындарына түсе алмай қалған жастарды түгелдей онжылдық оқумен қамту барлық мектептердің педагогикалық коллективтеріне міндеттендірілді. Сонымен қатар оқушылардың оқуды тастап кетулеріне жол бермеу үшін мектептен алыс елді пункттерде тұратын балаларды оқуға көлікпен жеткізу ісін ұйымдастыру жөнінде еңбекшілер депутаттары жергілікті Советтеріне тапсырылып, оқушыларды қысқы киіммен қамтамасыз ету жағы ескерілді.

Мектептерді жаңа оқу жылына әзірлеуде ең басты кемшілік оқылатын пәндер бойынша қажет болып отырған 93 түрлі оқулықтан көзірші күнге дейін 13 түрлі оқулықтың жеткізілмеуі деуге болады. Бұған облыстық тұтынушылар одағы кінәлі. Олар республикалық тұтынушылар одағынан мектептерге керекті оқулықтарды, түрлі жазу құралдарын деркесінде жеткізуді талап етпеді. Соның салдарынан оқушыларға керекті қаламұш, бор, тағы басқа заттар жетіспейді. Тіпті Соколов, Конохов, Полудин аудандары сауда орындарында мектептерге қажетті бор атымен жоқ.

Облысымызда мектептерді жаңа оқу жылына дайындау жұмыстарындағы жоғарыда көрсетілген кемшіліктер оқу жылын ойдағыдай бастауға кедергі келтіруге тиіс емес. Өйткені бұл кемшіліктер қысқа мерзім ішінде жойылып, оқу жылын ойдағыдай бастап, мектептердегі оқу-тәрбие жұмысының нәтижелі болуына барлық күш-құмарымызды жұмылдыра-

МАЛШЫ СЕМЬЯСЫ

Пресновкадан Мамлотқаға шығатын үлкен қара жолдың екі жағы күмістей жарқыраған көлдері бар, ақ қайыңды жасыл жапырақты, орманды алқап болып келеді. Бұл өңір — қара топырақты, шөбі шүйгін, суы бал, ертеден ел ырысы атанған құнарлы жер. Жол бойында бұрыл тартып тыңға пырқан бітік егін. Оның бидай, сұлылары да ауыр салмақты бастарын төмен иіп, кешкі самал желдің лебімен баяу қозғалады. Ұясына батып бара жатқан күннің алтын нұры жасыл желек жамылған бұл өңірге ерекше түсе беріп қызықтыра түседі. Көкмайсалы құрақ пен жиегі көмкерілген көлдер де күн сәулесіне шарғылысып, айнадай жарқырайды.

Аудан орталығынан шыққан біз табиғаттың кешкі көрінісін тамашалап келеміз. Шыққан бетіміз ферма болатын.

Міне, келіп те жеттік, — деді манадан бері үнсіз отырған қонқақ мұрынды, қой көзді қара бала, — мынау біздің үй.

Шоқ ағаштың бғына салынған ұзынша үйлердің арғы жағы мал фермасы екен. Одан 50 метр қашықтықта малшылардың жазғы орны — еңесі биік сегіз қанат үй тұр. Біз ат басын осында бұрдық. Оңтүстікте шамасы 500 метрдей жерден жайылым алаңы басталады.

Иініне қамзолды жедегей іліп, шалы жамылып үйден шыққан егде әйел, — қалқам келіп қалдың ба? — деп манағы қара балаға тіл қатты да, бізге үйге кір-іңіздер дегендей ішарат етті.

Осы кезде бірін-бірінен ажыратқысыз еңкей қызыл құнажын бойдақтарды өргізе жайып келе жатқан салт атты малшы да үй маңына тақап қалды. Амандықтан кейін біз сөзге кірістік. Сирек қара мұртты, қырма сақал, башпен сөзін созып баяу сөйлейтін, жүзін күн шалып қонжықтай тартқан бұл кісі, Преснов ауданы, Сталин атындағы колхоздың бойдақ бағушысы, көптеп малшы болып келе жатқан Абдрахман Рахметов қарт екен.

Абдрахман сөзге сарап, қойылған сұрақтарға ғана болмаса шешіліп сөйлей қоймайтын түйік адам. Сондықтан да біз еңгімені оның өзі сүйіп айтатын малдан бастадық. Біраз әңгімелескеннен кейін малшы бізге өз өмірімен байланыстырып, мал туралы бірқыдыру әңгіме айтып берді.

«Абдрахманның әкесі Октябрь революциясына дейін орыс поселкесінің малын бағып, еңбегімен күн елген. Тұрмыс жайы нашар болған. Балалары көп болғандымен бәрі жастай қайтып, жалғыз осы Абдрахман ғана қалған. Сыйынары да, сүйенері де еңбегі болған Рахмет баласын ерте бастан еңбекке баулайды. Сөйтіп, Абдрахман 13 жасынан бастап мал соғына түсіп, бақташы болады. Содан бері

дік. Ал быйылғы жылы мына Займыш көлін пайдаланып отырмыз. Мұнда енді 15 күндей боламыз да, Половина көліне көшпеміз. Онда күзгі салқына паналы жерлер бар.

Жайылымды былай өзгертіп отыру малдың қонын жақсартуға көмектеседі. Бір жердің оты біткеннен кейін, тың жерге барған мал тез сөміре бастайды. Ал жөлдерді тандап алуымыздың мәні сусыз жерде мал тұра алмайтыны белгілі ғой. Біз малды тәулігіне 5 сағат дем алдырып, қалған уақытта өрісте бағамыз. Өзім малдарды күндіз, ал балам Әнуарбек түнде бағады. Жұбайым мен келіміз түнгі күзетте.

Шынындада Абдрахман үй-іші еңбек сүйгіш жандар. Сондықтан да колхоз басқармасы мен артель мүшелері бұлардың адал еңбегін жоғары бағалап, мақтан етеді. Мақтан ету орынды да. Мал күтушілікте 10 жылға жуық уақыт жүргенде олардың кінәсінен бір мал шығын болған емес. Баққан малдары қысы-жазы қойды, түгін тартсаң майы шығады десек те бекер болмайды.

— Біз тек қана бойдақтарды бағып қана қоймаймыз, — дейді қара торы, дембелше, қыр мұрынды жас жігіт Әнуарбек, — олардың ішінен жақсы аналық сыйырларды да өсіріп келеміз. Өткен екі жылда ғана 25-ке тарта сыйыр колхоз фермасына қосылды. Көзір олар ферманың сүтті сыйырлары. Быйылғы жылы да іріктеген 10 сыйырымыз бар. Бұларды да фермаға тапсырамыз.

Расында да, малшылардың товарлы сүт фермасына қосқан үлесі зор. Олар тек етті сыйырларды ғана өсіріп отырған жоқ, сонымен бірге сүтті сыйырларды да өсіруге ат салысады.

Өткен, 1954 жылы Абдрахман үй-ішімен қосымша еңбек ақыға екі өгіз аласа, ал еңбеккүннің өзіне ғана 15 мың сом ақшалай және 200 пұт астық алған болатын. Быйыл жыл басында 215 бойдақ мал баққан олар 100 бас малды жуырда мемлекетке етке өткізді. Тек 40 күннің ішінде ғана олар етке өткізілген 100 бас малға 107 центнер қосымша салмақ қосуға жетісті. Малшылардың бұл табысы да бағаланбай қалған жоқ. Осы айдың ішінде Абдрахманның үй-іші 1360 еңбеккүнге ие болды. Ал бір тоқсан ішінде 2500 сомдай ақшалай табыс тапты. Бұл күндері Абдрахманның семьясы ауқатты, мәдениетті тұрады.

— Сонау өткен күндердегі ауыр тұрмыс ұмыт болды, — дейді Абдрахман. — Быйылғы жылы ағаштан үш бөлмелі үй салдырғалы отырмын. Әнуарбектің денсаулығын байқап дәрігерлер оны курортқа баруға ұйғарған болатын. Жақында баламды курортқа жіберемкіні. Ортаншы балам Қайыркен быйылғы жылы жетінші

аңқ оқуды жүзеге асыруда кездесіп отырған кемшіліктер туралы баяндамашы да, жарыссөзге шығып сөйлеушілер де жұмған аузын ашқан жоқ.

Жарыссөзге шығып сөйлеген № 3 орта мектептің мұғалімі Қитаева, № 1 орта мектептің мұғалімі Алексеев, Шинкина, № 2 орта мектептің мұғалімі Реганелович, балалар музыка мектебінің директоры Чайко және басқа жолдастар көбіне жекелеген фактілерге баса назар аударып, қала мектептерінде орын алып отырған оқу-тәрбие жұмысындағы төзгісіз жағдайларға талдау жасамады.

Кеңеске қатысушылар алдағы оқу жылында жүзеге асырылуға тиісті шаралар белгілеген қаулы алды.

Мұғалімдер кеңесінде

Преснов ауданы мұғалімдерінің үш күнге созылған август кеңесі болып өтті. Онда өткен оқу жылының қорытындылары және жаңа оқу жылындағы міндеттер туралы аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Македонов жолдас баяндама жасады.

Баяндамашы өткен оқу жылында қол жеткен табыстар мен кездескен кемшіліктер туралы айтты. Ол, әсіресе, Николаевка, Благовещенко орта мектептерінде оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізуде орын алған кемшіліктерді қатаң сынға алды.

Сол сыяқты жас ұрпақтарды тәрбиелеу жұмыстарын үстірт жүргізіп отырған Николаевка орта мектебінің мұғалімі Гамолкина, Приешім бастауыш мектебінің мұғалімі Шалко, Бладинка жетіжылдық мектебінің мұғалімі Бобченко жолдастардың іс әдістеріне талдау жасады.

Жарыссөзде мұғалімдер Полей, Разгуляев, Киряков, Өскенбаев жолдастар шығып сөйлеп, өздерінің оқушыларды тәрбиелеудегі тәжірибелерін ортаға салды. Сонымен қатар баяндамашы және жарыссөзде шығып сөйлеушілер өткен оқу жы-

лында кездескен кемшіліктерді жою туралы өз пікірлерін айтты.

Кеңесте сөз болған басты мәселелердің бірі — аудан мектептерінде политехникалық оқуды жүзеге асыру. Мұғалімдер жас ұрпақтарды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу жолында өздерінің қандай жұмыстар жүргізіп жатқандығын хабарлады.

Кеңеске қатысушылар жаңа оқу программасы бойынша жүзеге асырылуға тиісті нақтылы шаралар белгіледі.

С. ҚАНАФИН.
(Өз тілшіміз).

ССРО-да әлеуметтік және ұлттық қазыналықтардың ешбір негізі жоқ және болуы да мүмкін емес. Өндіріс құралдарына социалистік меншіктілік үстемдік құрып отырған жаңа қоғамдық құрылыс барлық ұлттардың және халықтардың еңбекшілерін түпкілікті жалпы мақсаттың — коммунизм құрылысының төңірегіне топтастырып, біріктіреді, туысқандық қарым-қатынастың берік негізі болып қызмет етеді.

Жұмысшы табының шаруалармен одағы, социалистік интернационализм жолында тұрған жұмысшы табының және оның партиясының басқарушылық ролі біздің еліміздің халықтарын көп ұятты бір мемлекетке топтастыруға көмектескен шешуші күш болды.

Социалистік интернационализм советтік қоғам жағдайында өз Отанына деген сүйіспеншілікпен, советтік патриотизм сезімімен тығыз ұштастырылады. Совет адамдары өзінің Отанын зор және ыстық сезіммен сүйеді. Олар оны бүкіл дүние жүзінде социализм тұңғыш рет жеңген ел болғандығы үшін, Совет мемлекетінде әлеуметтік және ұлттық езушілік, халықтар арасындағы қастандық және сенімсіздік бірқолата жойылғандығы үшін, совет адамдарының үлесіне жаңа, социалистік өмірдің пионерлері болу құрметі тигендігі үшін сүйеді. Советтік патриотизмге қандай да болмасын ұлттық мен-менсінушілік, дандайсушылық, өрсеңдіріктік жат. И. В. Сталин советтік патриотизмнің негізінде нәсілдік немесе ұлттық ұғымдар жатқан жоқ, халықтардың өзінің Советтік Отанына шексіз берілуі және адалдығы, біздің еліміздің барлық ұлттары еңбекшілерінің туысқандық ынтымағы жатыр, деді. Советтік патриотизмде халықтардың ұлттық дәстүрі және ССРО-ның барлық еңбекшілерінің өмірлік жалпы мүддесі тығыз ұштастырылады. Басқаша айтқанда, советтік патриотизм социалистік интернационализммен тығыз

байланысты. Ал мұның өзі нағыз совет патриоты өзінің Отанын сүйетіндігін және басқа елдердің халықтарын, олардың мәдениетін, өмірін, ұлттық дәстүрлерін аса зор құрметтейтінін көрсетеді.

Социалистік интернационализм идеологиясының өмірлік ұлы күші ССРО мен социалистік лагердегі басқа елдердің арасындағы қарым-қатынастан айқын көрінеді. Бұл тарихта бұрын болмаған халықаралық қатынастың жаңа түрі, оның негізінде өзара сыйласушылық, жолдас-тық өзара көмек, осы лагерге кіретін елдердің толық теңправолылығын тану жатыр.

Совет Одағы мен халықтық демократия елдері арасындағы қарым-қатынас мемлекеттердің теңправолылығы негізінде құрылады, олардың арасында шаруашылық және мәдени құрылыстың тәжірибесімен өзара үдіксіз ауысу жүргізіліп тұрады. Демократиялық елдердің халықтары ССРО-дағы социалистік құрылыстың бағалы тәжірибесін өз ынтамен пайдалануда; совет адамдары да халықтық демократия елдеріндегі халық шаруашылығын жүргізу саласында барлық озаттықты, ғылымның, техниканың, мәдениеттің табыстарын ұқыптылықпен үйреніп, қолдануда.

Қытай халқының көсемі Мао Цзедун қытай халқының алдында тұрған кезектүтпіндей міндеттерді белгілей келіп, былай деді: «Біз ұлы ұлттық құрылысты жүзеге асыруға тиістіміз. Алдағы уақытта біз жүзеге асыратын жұмыстар қыйын және біздің тәжірибеміз жеткіліксіз. Сондықтан біздің Совет Одағының озат тәжірибесін байыптылықпен үйренуіміз керек».

ССРО мен халықтық демократия елдері арасындағы қарым-қатынастарда экономикалық байланыстың зор маңызы бар. Демократиялық елдер арасындағы экономикалық байланыстың тәжірибесі Совет Одағының халықтық демократия елдеріне беріп отырған көмегін бірде-бір капиталистік ел бере алмайтындығын көрсетіп

отыр. Жалпы экономикалық өрлеуге жетісу үшін бұл байланыстың негізі бір-біріне шын ниетпен көмектесу болып табылады.

Совет Одағы европалық халықтық демократия елдеріне соғыс кезінде бүлінген халық шаруашылығын қалпына келтіруге деркесінде айтарлықтай көмек көрсетті. Совет Одағы халықтық Қытайға өнеркәсіптің күрделі саласында 156 ірі кәсіп орнын салуға көмек көрсетуде. Кореяда уақытша бітім жасалған уақытта, Совет Одағы Корея Халық Демократиялық Республикасының халық шаруашылығын қалпына келтіру үшін корей халқына сыйлық ретінде қайтарылып алынбайтын бір миллиард сом көмек берді. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Социалистік интернационализм принципіне құрылған ССРО мен халықтық демократия елдері арасындағы қарым-қатынастың тәжірибесі бұл байланыстың беріктігін және мызғайтындығын, оның онан әрі нығая беретіндігін көрсетіп отыр.

Совет Одағы мен Югославия арасында қарым-қатынас интернационализм принциптері негізінде құрылуда. Совет-Югославия келіссөздерінің қорытындысында ССРО мен Югославия Федерациялық Халық Республикасының арасындағы қарым-қатынаста пұғыл бетбұрыс болғандығы жұртқа мәлім. Бұл екі ел арасындағы бірнеше жыл бойы орын алған қырғый-қабақтық және салқындық халық жаулары Берия мен Абакумовтың арзандатушылық әрекеті салдарынан орын алды, бұл демократия мен социализмнің, бейбітшіліктің жауларына ғана тиімді болды.

ССРО еңбекшілері, барлық прогресшіл адам баласы Совет-Югославия Декларациясын — достығының тарихи терең тамыры бар екі халықтың жан-жақты қарым-қатынас жасауын онан әрі нығайтудың берік негізін — зор қанағаттанғандықпен қарсы алды.

Совет-Югославия келіссөздері барысы-

нан және оның қорытындысынан ленинизмнің мызғымас принциптеріне, барлық үлкен және кіші елдердің суверенитеті мен теңправолылығына негізделген, біздің партиямыз жасаған сыртқы саяси бағыт өзінің айқын сыйпаттамасын тапты.

Советтік сыртқы саясаттың негізі халықтар арасындағы бейбітшілікке, барлық елдермен іскер байланысты нығайтуға ұмтылу болып табылады. Халықаралық қарым-қатынастар мәселесіндегі Совет мемлекетінің бұл сара жолы капитализм мен социализмнің ұзақ уақыт қатар өмір сүру мүмкіндігі туралы, бір-біріне қарсы екі қоғамдық жүйенің бейбіт жолмен экономикалық жағынан жарысуына болатындығы туралы қағидаға сүйенеді. Жақында болып өткен ССРО Жоғарғы Советінің үшінші сессиясы төрт державаның мемлекет Басшыларының Женева Кеңесінің қорытындылары жөнінде Н. А. Булганиннің баяндамасы бойынша қабылдаған өзінің қаулысында ССРО-ның лениндік бейбітшілік сүйгіш сыртқы саясатының мызғайтындығын тағы да атап көрсетті. ССРО Жоғарғы Советі елдер арасында, олардың қоғамдық және саяси құрылысына қарамастан, суверендік праволарды құрметтеуге, әрбір елдің ішкі ісіне араласпауға негізделген неғұрлым кең саяси, экономикалық және мәдени байланыстар орнату халықтардың мүддесіне жауап береді және бейбітшілікті, елдер арасындағы достық пен ынтымақты нығайтуға жеткізеді деп сенім білдірді.

Коммунистік партия совет адамдарын интернационализм және барлық елдердің еңбекшілерімен туысқандық байланыс орнату рухында, суверенитетті, тәуелсіздікті, барлық халықтардың теңправолылығын, олардың ынтымағын құрметтеу рухында тынбастан тәрбиелеп келеді.

Б. БАЯНОВ.

қоғамдық малды бар ықласымен күтеді. Сондықтан да жай тұйық болғанмен мал туралы айтылған сөзге араласпай қалмайды.

Бертін келе колхозға мүше болып кірген Абақанның үй іші бұрынғы ауыртпалықтан құтылып, ауқатты, мәдениетті семьяға айналды. Жұбайы мен өзі, ер жеткен балалары колхозға еңбек етіп табысқа не болды. Кәзір Абдрахман бір қулынды бие, екі бузаулы сыйыр, жы-йырма шақты ұсақ малы бар, жияз-жасаулы ауқатты семья.

1946 жылы Абдрахманды колхоз басқармасы бойдақ малды бағуға белгіледі. Бұл жұмыс оған үлкен сеніммен тапсырылған болатын. Ол сенім ақталды да. Сол жылдан бері ол колхоз бойдақтарын жаз бағып, қыс күтіп келе жатыр.

Біздің міндетіміз, дейді қарт малшы Абдрахман, — бір жастан үш жасқа дейінгі бойдақтарды бағып, қонын жақсарту, күндік қосу салмағын арттыру болып табылады. Колхоздың жыл сайын мемлекетке өткізетін еті біздің қолымыздан өтеді. Әрине, етке берілетін мал ерекше күтілуге тиіс. Сондықтан да біз малды қыс күнарлы азықтар, концентраттар беріп күтеміз де, жаз колхоз басқармасымен алдын-ала жайылымды белгілеп алып, соған бағамыз. Біздің жайылым негізінен үшкөлдін аңғары болып табылады. Олар Займыш, Половина және Сарыкөл. Өткен жылы біз бұдан 6 километр жердегі Сарыкөлге көшіп барып, жазғы жайылымды сонда өткіз-

Көркемсөз оқу шеберлерінің концерті

...Финляндия вокзалы халыққа лық толы. Олар өздерінің ұлы көсемі Владимир Ильичті қарсы алуға келген революцияшыл Питердің жұмысшылары. Әлден уақытта броневик үстіне шыққан Владимир Ильичтің «Капиталистер мен келісімпаздардың өкметі жойылсын!» деген жалынды үні естіледі...

Өткен жексенбіде, жазғы театрда болған концертте РСФСР-ға еңбегі сіңген артист, еліміздегі көркемсөз оқудың белгілі шеберлерінің бірі Сергей Михайлович Валашов та-маша шеберлігімен оқыған В. В. Маяковскийдің «Владимир Ильич Ленин» поэмасын тыңдағанда осы бір тарихи оқиғаны мен көңіл толқытар көрініс айнамай көз алдыға келгендей болады. Бұған артисттің ақын сөзін наққысына келтіре оқуы да, дене қыймылымен мимикасының терең мәнділігі мен ықшамдылығы шебер байланыстыра

білуі көп әсер еткен. Оның тек көркемсөз оқушы ғана емес, сонымен бірге оқып тұрған шығармасының геройларының ішкі сезіміне терең бойлай білетін, оны тыңдаушыларға ұтымды жеткізіп беретін талантты актер екендігі Валашов орындаған әрбір номерден айқын аңғарылады. Валашовтың репертуарындағы негізгі орындары В. В. Маяковскийдің шығармалары алған. «Жақсы!» поэмасы мен «Советтік паспорт туралы өлеңін» оқудағы асқан шеберлігімен радио арқылы көптеп таныс петропавлдықтар бұл жолы оның Маяковский шығармалары бойынша жасаған жаңа әдеби композиция-«Бмен танысты. Артист оны ақынның белгілі өлеңінің «мен қасқырша мытыр ем төрелікті» деген алғашқы жолымен атаған. Композицияда халқымыздың алға басуына кедергі келтіретін бюрократтар мен жарамсақ-

тар, орынсыз байбаламшылдар мен топастар аяусыз өшкереленіп, ақынның ащы сықағы арқылы өткір сынға алынады. Сол сыяқты Сергей Валашов жұртшылықтың аса бір сүйікті шығармасы М. Шолоховтың «Тынық Дон» романынан үзіндіні, ағылшын балладасы «Король мен малшының» шеберлікпен, тың даушыларды қызықтыра оқып берді. Петропавлдықтар көркемсөз оқу шеберінің өнеріне аса разы болысты. * Концертке Бүкілодақтық радионың әншісі Л. Поставничева, баяны А. Солдатов және виолончелист Л. Гудков қатысты. Олар Чайковский, Рубинштейн, Варламов және басқа композиторлардың шығармалары мен көптеген халық әндерін орындады.

М. ПРАВДИН,
Облысаралық концерт-эстрада бюросының директоры.

шаруашылық техникумына оқуға түспекші. Оның зоотехник болатын ойы бар.

Орталық партия Комитеті январь Пленумының мал шаруашылығының өнімділігін арттыру туралы қаулысын жүзеге асыру ісіне Абдрахман семьясы жаңа күш-жігермен кірісті. Абдрахман кәзір колхоз басқармасымен келісіп, малға бөлінген азықты ферма жанына тасуды ұйымдастырды.

Колхоз председателі Михайлов жолдас өзінің бір сөзінде:

—Абдрахман Рахметович жай ғана машы емес, ол актив те. Колхоздың мал шаруашылығын өркепдету жұмысына үнемі көмектесіп отырады, басқаларды қажырлы еңбекке жұмылдырады. Біз оны келесі жылы Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне жібергелі отырмыз. Онда ол өзінің тәжірибесін еліміздегі алдыңғы қатарлы малшылардың тәжірибелерімен байыта түсегіні даусыз,—дейді.

Соңғы күндері Абдрахманның үй-іші СОКП XX съезі қарсаңында социалистік жарысқа қосылып, еңбек өнімділігін күн санап арттыруда. Бұлардың қажырлы еңбегінің нәтижесінде колхоз 1956 жылдың есебіне мемлекетке ет тапсырды Абдрахман өзі бағып, өсірген бойдақ малдан мемлекетке берілген семіз етті, «колхозға берілген сүтті сыйырларды көріп, «қолымда қалған мына бойдақтар да сондай болады» дегенді сеніммен айтады.

А. ҚАЗИЕВ.

Атом қуатын бейбіт мақсатқа пайдалану мәселелері жөніндегі сарапшылар келіссөздерінің аяқталуы

ЖЕНЕВА, 27 август (ТАСС). Бүгін мұнда атом қуатын бейбіт мақсатқа пайдалану мәселелері жөніндегі сарапшылардың жабық мәжілістері аяқталды. Академик Д. В. Скобелцынның председателдігімен өткізілген бүгінгі мәжіліс аяқталғаннан кейін мынадай мәлімдеме жарияланды:

Канаданың, Чехословакияның, Францияның, Совет Одағының, Біріккен Корольдіктің және Құрама Штаттардың өкілдері атом қуатын бейбіт мақсатқа пайдалануға кепілдік беру проблемаларын және материалдардың басқа мақсаттарда пайдаланылуына жол бермеуге мүмкіндік беретін шараларды талқылау үшін августтың 22-нен 27-не дейін Женевада жабық түрде кездесті.

Бұл проблемалардың кейбір техникалық көзқарастары жөнінде келіссөздер болды.

Техникалық сарапшылар кейбір елдер енгізген бірқатар алдын-ала ұсыныстарды қарады, осының нәтижесінде техникалық пікірлерді пайдалы түрде алмасу болды. Бұл проблемаларды енді тиісті ұжымдар қарайтын болады.

ҚЫТАЙДА КҮРІШТІҢ МОЛ ӨНІМІ

ШЕКИН, 27 август (ТАСС). «Жэньминьжибао» газетінің бүгінгі хабарына қарағанда, Қытайдың оңтүстігінде барлық жерде бірдей күріш өнімін жыйнау басталған. Сычуань провинциясындағы Янцзы өзенінің мың километрден аса бойында күріштің жең егін даласы созылып жатыр. Мұнда егінді жыйнау аяқталуға жуықтады. Бұл ауданда күріштің өнімі орташа алғанда өткен жылдардан 6-10 процент жоғары болып отыр.

Қытайдың күрішті мол ететін аудандарының бірі Дунтинху көлінің маңайында егін жыйнау маусымы басталды. Күріш жыйнау Хубэй провинциясында да қолға алынды.

ХЭЙЛУНЦЗЯН ПРОВИНЦИЯСЫНДА ТЫҢ ЖЕРЛЕР КӨТЕРУ

ШЕКИН, 28 август (ТАСС). Синьхуа агенттігінің хабарлауына қарағанда, Хэйлуңцзян провинциясында үстіміздегі жылдың жазынан бастап, желесі жылдың көктеміне дейін ауылшаруашылық өндірісінің өнімдерін арттыру мақсатында 250 мың гектар тың жер көтеру жоспарланды. Шығарылған есетерге сөйбес жаңадан өңделген жерлер жыл сайын 400 мың тонна жүгері беретін болады.

Стокгольмде 13-халықаралық сауда-өнеркәсіп жәрменкесінің ашылуы

СТОКГОЛЬМ, 27 август (ТАСС). Бүгін Стокгольмде 13-халықаралық сауда-өнеркәсіп жәрменкесі «Санкт-Эрикссессан» ашылды. Быйылғы жылы жәрменкеге Совет Одағы алғашқы рет қатысып отыр, ол ең үлкен павильондар орнатқан. Жәрменкеге барлығы 30 ел қатысуда. Оған қатысушылардың ішінде — Чехословакия, Венгрия, Герман Демократиялық Республикасы, Югославия, Индия, АҚШ, Батыс Германия, Англия және басқа елдер бар.

Жәрменкенің ашылу салтанатында Стокгольм сауда палатасының председателі Харальд Нурденсон мен Швецияның премьер-министрі Таге Эрландер сөз сөйледі.

Жәрменкенің ашылуына байланысты өзінің құттықтау сөзінде Харальд Нурденсон Совет Одағының қатысуы жәрменкеге ерекше маңыз бен ынталандыру тудырады деп атап көрсетті. Нурденсон Совет үкімет делегациясын және оның басшысы ССРО Сыртқы сауда министрі И. Г. Кабановты құттықтады.

Швецияның премьер-министрі Эрландер өзінің сөзінде іскер топтар өкілдерінің арасында халықаралық байланыстар орнатудағы жәрменкенің маңызын атап өтті. Бұл жәрменкеге әртүрлі елдердің қатысуының өсе түсуі, деді ол, ұлттардың арасында еркін товар айырбасына жетісу тілегінің айғағы болып табылады.

Премьер-министр жәрменкені ашылды деп жариялады.

ВДР-да ауылшаруашылық өндірісінің өркендеуі

ХАНОЙ, 27 август (ТАСС). Вьетнам телеграф агенттігі Вьетнам Демократиялық Республикасы ауылшаруашылық өндірісінің өркендеуі туралы мақала жариялады.

Бұрынғы отаршылдық және феодалдық тәртіптің кезінде елдегі бүкіл өңделетін жердің төрттен үш бөлігі отаршылар мен вьетнам помещиктерінің қолдарында болғандығы, ал ол уақытта халықтың 90 процентіне дерлік вьетнам шаруалары жердің тек төрттен бір бөлігіне ғана ие болғандығы мақалада атап көрсетілген. Вьетнамның ауыл шаруашылығы өте артта қалған жағдайда еді. Оның үстіне вьетнам шаруалары қажетті суландыру құрылыстарының жоқтығы сақдарынан болып отыратын су тасқындарынан әрдайым жапа шегіп келді.

Бұл жағдайды түзеу мақсатымен республика үкіметі 1953 жылдан бастап жерге арендалық төлемді жүйелі түрде

Жәрменкенің ашылуында ССРО Сыртқы сауда министрі И. Г. Кабанов бастаған Совет үкімет делегациясы, сонымен бірге ССРО-ның Швециядағы уақытша елшісі Н. М. Луныков, ССРО-ның Швециядағы сауда өкілі Н. В. Васильев болды.

Павильондарды аралап көру басталды. Жәрменкеде болушылар совет павильонына ағылып келе бастады. Павильонның ашық алаңына өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының әртүрлі машиналары, әртүрлі станоктар, жүк автомобильдері қойылған. Минск заводның 25 тонналық жүк автомобилі жалпы жұрттың назарын аударды.

Совет павильонының ішкі бөлігіне ССРО-ның жеңіл және тамақ өнеркәсібі, тоқыма, оптика, аспаптаралар мен приборлар бөлімдері, мектеп жасалған бұйымдар бөлімі, музыка аспаптары, суретшілер бұйымдары, кітаптар, аңшылар мылқтары көрсетілген. Мұнда болғандардың ортақ пікірлері бойынша совет павильоны совет индустриясының ірі табыстарын көрсетеді.

Совет павильонын Швецияның премьер-министрі Эрландер аралап көріп, оны ССРО Сыртқы сауда министрі И. Г. Кабанов пен басқа да совет өкілдері бастап жүрді.

Жәрменке 11 сентябрьге дейін созылады.

Иденнің мәлімдемесі

ЛОНДОН, 27 август (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабарлауына, Англияның премьер-министрі Антони Иден бүгін Стоунли-паркте (Уорикшир графтығы) консервативтік партия мүшелерінің жыйналысында сөз сөйлеген. Оның сөзінің көпшілік бөлігі ішкі саяси проблемаларға: үкіметтің финансы жөніндегі шараларына, еңбек дауларына, экспортқа арналды.

Сыртқы саясатқа тоқтай келіп, Иден былай деді: «Женева кеңесінен (үкімет басшыларының) кейін оның нәтижелері жөнінде көптеген түсініктер болды. Көптеген нұсқаулар айтылды және бірін-сараң сын ескертмелер жасалды.

Женева кеңесі маңызды болды, өйткені соғыс аяқталған уақыттан кейін төрт держава үкіметтерінің басшылары алғаш рет кездесіп, сыртқы істер министрлері жұмысының программасы туралы келісті. Бұл шездесу октябрьде Женевадағы да болмақшы. Мүмкіндік жасалды, біздің бәріміздің бұдан не табатынымызды білдіріп көрсетеді».

Иден бұдан кейін былай деді: «Әлбетте, қыйыншылықтар жеткілікті және тіпті жеткіліктен де төрі басымдық. Женева бұл қыйыншылықтарды реттеген жоқ және ол мұндай қыйыншылықтарды реттеу үшін емес, қайта олардың талқылануын мүмкін ету үшін ойлап табылған нәрсе еді».

Иден былай деп атап көрсетті: Германия туралы мәселеде Англия үкіметінің саясаты «көптеген қарсылықтарға кездесуде» және бұл мәселеде «Совет Үкіметі басқа пікірде» болып отыр.

«Мұның бәрі Женевада қайталануға тиіс», — деді бұған қоса ол.

«Егер екі жақ та Женеваға реттеуге жету үшін бел байлап баратын болса, ол біздің ниетіміз осылай екені даусыз. Онда олар алшақтықты кеміте алатынына мен сенемін. Бұл бұдан бір жыл бұрын мүмкін болып көрінгендігінен анағұрлым басым. Осы және басқа барлық бағытта бейбітшілік үшін біздің қажырлылықпен еңбек етіп отырғанымызды сіздер білесіздер».

ИРАНДЫ ОРТА ШЫҒЫСТАҒЫ СОҒЫС БЛОГИНЕ ТАРТУДЫҢ ЖОСПАРЛАРЫ ТУРАЛЫ

ТЕГЕРАН, 28 август (ТАСС). «Таракки» журналы былай деп жазады: шах сарайының мәлімдемесінде және Түркияның президенті кеңесінің мәлімдемесінде түрік президенті мен иран үкіметі өкілдерінің арасында таяу уақытта болатын келіссөздердің мақсаттары туралы ештеңе айтылмағандығымен, жергілікті және шетел баспасөздерінде бұл келіссөздер Иранды «орташығыстық шартқа» қатыстыру үшін жасалып отырған адым деп бағалануда. Алғаш-ақ өкілізден келіссөздерден ше-

Кемшіліктерді тез жою керек

Полудин ауданындағы «Красная звезда» кәсіпшілік артели 1955 жылғы кірпіш өндіру маусымында аудан колхоздары мен совхоздарындағы және МТС-теріндегі құрылыстарға жоспар бойынша 300 мың дана кірпіш өндіріп беруге міндетті еді. Осыдан июнь айында бар болғаны 30 мың дана, ал июль айында 32 мың дана кірпіш өндірді. Істің жайы үстіміздегі айда да мез емес.

Бұл артельде кірпіш өндірудің мұншалықты нашар жүргізілуінің себебі неде? Мұның негізгі себебі артельде өндірісті және еңбек ұйымдастыру ісінің мүлде бетімен жіберілгендігінде болып отыр. Бұлай дейтініміз — кірпіш зауытында әрқайсысына 16 мың дана кірпіш сыятын екі пеш бар. Бірақ бұл пештер толық пайдаланылмай келеді. Кірпіш зауытында 30 адам жұмыс істеуге тиіс болса, осыдан көзір жұмыс істеп жүргені 15-ақ адам. Олардың өздері де тұрақты жұмыс істеп жүрген жоқ.

Заводта еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру ісі де күні осы уақытқа дейін шындан қолға алынбай келеді. Облыстық кәсіпшілік советі (председателі Трушкин, бас инженері Кравчук жолдастар) бұдан екі жыл бұрын бұл кәсіпшілік артелиде кірпіш құятын пресс орнатып, іске қосуға уәде берген еді. Амаз не, бұл уәде орындалмай, тек сөз жүзінде қалып қойды.

«Красная звезда» кәсіпшілік артелинің жұмысы төзгісіз күйде екендігін Полудин аудандық партия комитеті мен аудандық Совет атқомінің басшылары да жақсы біледі. Бірақ олар бұл кәсіпорынның жұмысын жақсартуға, сөйтіп оның өнімді мол және сапалы шығаруы үшін қажетті көмек көрсетуге нақтылы басшылық жасауды ескермей-ақ келеді.

Артельдегі киім, етік тігетін және ағаш әбзелдерін жасайтын цехтардың көзіргі жұмысы аудан еңбекшілерінің өскелең тілегін қанағаттандыра алмайды. Мысалға етік тігетін цехты алайық. Бұл цехтың үстіміздегі жылдың өткен жарты жылдығына белгіленген мемлекеттік тапсырманы бар болғаны 83 процент ғана орындағандығы мүлде тезуге болмайтын жағдай. Мұнда шығарылатын өнімнің сапасы өте нашар. Әрі көріксіз болып жүр.

Қыс күндерінде артельдің барлық цехтарының бірқалыпты жұмыс істеп, өнім-

ді қатаң график бойынша шығарып отыруы үшін цехтарды осы бастан күрделі және жеңіл жөндеуден өткізу, оларды қайта жабықтау керек екені белгілі. Амаз қанша, жұмыстың мұндай маңызды саласы да күні осы уақытқа дейін ұмыт қалған.

Артель жұмысшылары арасында жүйелі түрде жүргізілген үгіт-бұқаралық жұмыс табысқа жетуге үлкен пайда келтіреді. Солай бола тұрса да, жұмыстың бұл саласына жете мән берілмей келеді. Артель партия ұйымының секретары В. Еременко жолдастың үгітшілер тағайындау және олардың жұмыстарына күнбе-күн бақылау жасап отырумен жұмысы да болмайды. Соның салдарынан көзір мұнда коллектив арасында бірде-бір үгітші жұмыс істемейді, өндіріс озаттарының іс әдістері мен тәжірибелері көптің игілігіне айналдырылмайды. Артель жұмысшылары арасында социалистік жарыс тек формальды түрде ғана ұйымдастырылған. Жарыстың барысы тексеріліп, оның қорытындысы уақыттылы шығарылып отырылмайды, қорытындылары шығарылған күннің өзінде ол жұмысшылардың өндірістік жыйналыстарында талқыға салынбайды.

СОКП Орталық Комитетінің «Өнеркәсіпті оған әрі өрге бастыру, техникалық прогресс және өндірісті ұйымдастыруды жақсарту жөніндегі міндеттер туралы» қаулысы жарияланғаннан бері бірталай уақыт өтті. Облысымыздың озат кәсіпорындары бұл қаулыны зор өндірістік өрлеу үстінде қарсы алып, СОКП XX съезі күрметіндегі жарысқа алдыңғылардың бірі болып ұштасты. Ал, «Красная звезда» кәсіпшілік артелинің басшылығы, партия ұйымы бұл жөнінде ешқандай шаралар жүргізбей отыр. Керек есе, артель коллективі күні осы уақытқа дейін Пленум қаулысымен де табыстырылмаған.

«Красная звезда» кәсіпшілік артелинің басшылары, партия ұйымы жұмыста орын алып отырған бұл олжылықты дереу жоюға бағытталған нақтылы шаралар белгілеп, оны жүзеге асыруға жетісуге, сөйтіп, СОКП XX съезі күрметіндегі жарыста озат кәсіпорындары қатарына қосылып, съезге жаңа зор табыстармен баруға күш-мүмкіншілікті жұмылдыра білуге міндетті.

Б. ЖАҚЫПОВ,
(Өз тілшіміз).

Біржарымжылдық жемшөп қоры жасалады

Соколов ауданының бірқатар колхоздары жай жемшөп дайындаудың жоспарын орындап, біржарым жылдық жемшөп қор-

дайындалды. Аталған колхоздарда жемшөп дайындау жұмыстары өлі де жүргізілуде.

АРАБ ЕЛДЕРІ НАТО ӘСКЕРЛЕРІН СОЛТҮСТІК АФРИКАДА ПАЙДАЛАНУҒА ҚАРСЫ НАРАЗЫЛЫҚ БІЛДІРУДЕ

КАИР, 28 август (ТАСС). Баспасөздің хабар етуіне қарағанда, Египет сыртқы істер министрінің орынбасары Хайрат Саид 27 августа Каирда тіркелген НАТО-ға (Солтүстік-атлантикалық блокқа) қатысушы елдердің дипломатиялық өкілдерін қабылдап, оларға ұлт-азаттық қозғалысын басу үшін Солтүстік Африканың елдерінде НАТО әскерлері мен қару-жарақтарын Францияның пайдалануына қарсы наразылық білдірген Египет үкіметі мәлімдемесінің тексін тасқырды.

Бұрын хабар ерілгендей, бұл мәлімдемені Египеттің премьер-министрі Гамал Абдель Насер үстіміздегі жылғы 25 августа Американың Каирдағы елшісі Байрұдқа жасаған болатын.

Баспасөздің хабар етуіне қарағанда, басқа араб елдері — араб елдері лигасының мүшелері Египет үкіметінің үлгісі бойынша Солтүстік Африкада НАТО қарулы күштерін пайдалануға байланысты НАТО-ға қатысушы мемлекеттерге наразылық жариялады.

ОҢТҮСТІК КОРЕЯДАҒЫ БЕЙТАРАП КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІНЕ ҚАРСЫ АРАНДАТУШЫЛЫҚТАР ТУРАЛЫ СИНЬХУАНЫҢ ПІКІРІ

ПЕКИН, 27 август (ТАСС). Синьхуа агенттігінің хабарлауына қарағанда, Сеульде, Пусанда және Куньсанда тағы да тәртіпсіздіктер бұрқ етті. Бұл тәртіпсіздіктер лисынмандық топтардың үйретуі бойынша Кореядағы уақытша бітімді бақылау жөніндегі бейтарап комиссияның Оңтүстік Кореядан кетуін талап етуші реакциялық элементтердің қиймылтан туған.

Сонымен бірге былай деп хабарланады: 25 августа Ли Сын Ман Кореядағы уақытша бітімді бақылау жөніндегі бейтарап комиссиядағы Польшаның және Чехословакияның өкілдері көпшілік және 38-ші параллельдің оңтүстігіне қарай орналасқан аудандар қайтарылып берілмейінше, мұндай әрекеттер тоқталмайды, деп мәлімдеген.

СУДАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ

ЛОНДОН, 28 август (ТАСС). Рейтер агенттігі тілшісінің Хартумнан хабарлауына қарағанда, 27 август күні кешке бұдан III күн бұрын Оңтүстік Суданда көтеріліс жасаған көтерілісшілер өздерінің сөзсіз тізе бүгуге әзір екендіктері туралы үкіметке хабарлаған. Бұл хат көтерілісшілердің штабы орналасқан Торит елді пунктіне қарсы шабуыл бастауға үкімет әскерлері әзірленіп жатқан кезде алынды.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретарнат — 1-33, партия және насихат бөлімдері — 0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 01709

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі 21-үй.

не аграрлық реформа жүргізуге кірісті. Ауыл шаруашылығы саласында әсіресе Женева келісімдері жасалғаннан кейін зор жұмыстар жүргізілді, Женева келісімдерінен кейін Солтүстік Вьетнам толық азат болған еді.

ССРО-ға бара жатқан жапон парламент делегациясының Пекинге келуі

ПЕКИН, 28 август (ТАСС). Совет Одағына бара жатқан Токутaro Китакура мен Масару Номидзо бастаған жапон парламент делегациясы бүгін Пекинге келді.

Пекин аэродромында жапон парламентшілерін халықаралық қатынастарды зерттеу жөніндегі Қытайдың халықтық қоғамының өкілдері, ССРО-ның Қытай Халық Республикасындағы елшілігінің кеңесшісі К. А. Крутиков және совет елшілігінің басқа қызметкерлері қарсы алды.

Пекинге келгеннен кейін жапон парламент делегациясы баспасөз конференциясын ұйымдастырды.

Совет Одағында біздің болуымыз, деп мәлімдеді баспасөз конференциясында Токутaro Китакура, Жапония мен Совет Одағының арасында өзара түсінісу мен достық орнатуға көмектесетін болады. Москваға бара жатқан жолымызда Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік советі-

гер жұмыстары нәтижесінде шаруалар үстіміздегі жылы жазда өгістен жақсы өнім алуға жетісті. Жүгеріден алынған өнім 1200 мың тонна болды, сөйтіп өткен жылғы өнімнен 50 процент асып түсті.

нің премьері Чжоу Эн-лай мен халықаралық қатынастарды зерттеу жөніндегі Қытайдың халықтық қоғамының председатели Чжан Си-жонның Қытай Халық Республикасында болуға шақырғанына біз өте қуаныштымыз.

Жапон делегациясының мүшелері Жапонияның Совет Одағымен және Қытай Халық Республикасымен бірқалыпты экономикалық және мәдени қатынастар орнатуы бүкіл жер шары халықтарының мүдделері мен үміттеріне сай келер еді деп атап көрсетті.

Тілшілердің сұрақтарына жауап бере келіп, делегацияның мүшелері мынаны атап көрсетті: Жапония парламент делегациясының Совет Одағында болуы мақсаты Совет Одағының парламенті өкілдерімен достық және өзара түсінісу орнатуға көмектесу болып табылады.

Пекинде жапон парламент делегациясы үш күн болады.

Чжоу Эн-лайдың жапон делегациясының мүшелерін қабылдауы

ПЕКИН, 28 август (ТАСС). Синьхуа агенттігінің хабарлауына қарағанда, КХР Мемлекеттік советінің премьері Чжоу Эн-лай кеше көзір Қытайда жүрген Қы-

таймен және Совет Одағымен дипломатиялық қатынастарды реттеу жолындағы жапон ұлттық советі делегациясының мүшелерін қабылдады.

ССРО мен Дания арасындағы өзара қатынастар туралы дат баспасөзінің пікірі

КОПЕНГАГЕН, 28 август. (ТАСС). Совет Одағы мен Дания арасындағы өзара қатынастар туралы мәселе соңғы екі күн бойында дат баспасөзінде көрнекті орын алып отыр. Ауыл шаруашылығы министрі Смерумды және ауылшаруашылық ұйымдары өкілдерінің делегациясын Совет Одағында болуға шақыру Данияда зор ынтамен қарсы алынды. Бұл шақыруды және оған берілген унамды жауапты талқылай келіп, «Даленс нюхетер» газеті былай деп жазды: Смерум Совет Одағында болуға шақыруды қарсы алуға қуанышты және бұл шақыруды Шығыспен Батыс арасындағы өзара түсінісудегі бұрынғыдан гөрі достық қатынастың бейнесі деп қарауда.

«Данг өг фольк» газеті өзінің түсінік-

темелерінде былай деп атап өткен: ауылшаруашылық топтары Смерумның сапары нәтижесінде Совет Одағымен сауда байланысының ұлғая түсуіне мүдделі болып отыр.

Дат баспасөзінде сонымен бірге ТАСС-тың дат газеттерінің бір топ бас редакторларын Совет Одағында болуға шақырғандығы туралы да хабар жарияланды.

«Данг өг фольк» газеті осыған байланысты былай деп жазады: министр Смерумды, ауылшаруашылық ұйымдарын және дат журналистерін шақыру және бұл шақыруларды қабылдау — жақсы белгі, оны бейбітшілік ісіне және халықаралық жағдайдағы шиеленісті бөксендетуге қосылған үлес деп қарау керек.

ин, деген бұдан әрі журнал, «самсн топтар мен түркия баспасөзі, сонымен бірге американдық топтар Түркия президентінің таяу уақытта болатын сапарының нәтижесі Иранды орташығыстық шартқа қосу болады деген сенімдер білдірілуде».

Ирак премьер-министрі Нури Саидтың сентябрьдің екінші жартысында Тегеранға келетін сапарына тоқтала келіп, журнал бұдан әрі былай деп атап көрсетеді: «Түркия президентінің сапары мен ирак үкіметі басшысының сапары арасында тығыз байланыс бар екендігі күмәнсіз» және Түркия мен Ирак басшыларының Ирак үкіметінің жауапты адамдарымен келіссөздері, сөз жоқ, Иранды түрік — ирак-пакистан соғыс одағына қосу туралы мәселені қозғайды».

СЕРБИЯДАҒЫ АПАТ

БЕЛГРАД, 27 август (ТАСС). «Политика» газеті былай деп хабарлайды: Сербия территориясы үстінде июльдің аяқ шені мен августтың бас кезінде ұзақ уақыт болған қатты жаңбыр мен бұршақ, сол сияқты жаңбырдың әсерінен болған су тасқыны бұл республиканың ауыл шаруашылығына төрт миллиард динардан астам сомада зыян келтірді.

Сербияның ауыл шаруашылығы басқармасы мен аудандық халықтық комитеттер зыян шеккен халықтарға көмек көрсету жөнінде шаралар қолдануда.

БИРМАДАҒЫ СУ ТАСҚЫНЫ

ЛОНДОН, 27 август (ТАСС). Рейтер агенттігінің Рангуннан хабарлауына қарағанда, 26 августа Бирмада Рангуннан солтүстікке қарай 60 миль жерде соңғы 50 жыл ішіндегі ең ірі су тасқыны болды. Жүзден астам деревня және 100 мың акр күріш даласын су алып кетті. Бирма үкіметі зыян шеккендерге көмек көрсету жөнінде шаралар белгілеуде.

ЧИЛИДЕГІ ЕРЕУІЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ

НЬЮ-ЙОРК, 27 август (ТАСС). Ассошиэтед Пресс агенттігінің тілшісі Сантьягодан былай деп хабарлайды: Чили астанасындағы үкіметтік мекемелердің 50 мың қызметшілерінің ұзаққа созылып отырған ереуіліне байланысты, мұндағы әскерлер соғыс әзірлігіне келтірілді. Полиция бөлімшелері астананың көшелерін күзетіп жүреді. Әскерлердің бір бөлігі елдің ішкі аудандарына жіберіледі. Үкімет Сант-Яго және Консепсьон провинцияларында төтенше жағдай жариялады. 27 августқа қараған түні медициналық мекемелер қызметшілері ереуілінің екі басшысы тұтқынға алынды.

Қажетті товарлар мен азық-түліктер бағаларының қымбаттауына байланысты ереуіл көтерушілер жалақының арттырылуын талап етуде.

мен жасау үшін күресуде. Олардың қатарына «Дозор Ильича», «Заря коммунизма» ауылшаруашылық артельдерін қосуға болады. «Дозор Ильича» колхозында шөп мал қолда жүтілетін мерзімде пайдаланылатын пішеннен 25 процент артық

12 ТҮРҒЫН ҮЙ

Аманкелді атындағы ауылшаруашылық артелінде (Преснов ауданы) құрылыс жұмыстары кең көлемде жүргізіліп жатыр. Мұндағы арнаулы құрылыс бригадасы туысқан Белоруссия республикасынан келген патриоттар үшін 12 тұрғын үй салып берді.

Құрылысқа жергілікті құрылыс материалдары кеңінен пайдаланылуда.

Құрылысшылар бұл күндері сыйымдылығы 5 мың центнерлік астық қоймасы мен бір сыйыр қорасын салып жатыр.

С. ҚАНАФИН.

Колхоздарда сонымен қатар жас бұтақ азықтар дайындалы, сабан-топан жыйналып, табиғи шөптер мен күнбағыс және жүгері сүрлеу жұмыстары жүргізілуде.

М. ЖАПАРОВ.

ОҚУШЫЛАРҒА АЛҒЫС

Безлесное мектебінің оқушылары егін жыйнау жұмыстарына қызу көмектесуде. Бұл күндері оларды колхоздың егін даласынан көптеп кездестіресіз. Мөселен, Андрей Окс, Анатолий Котляренко және Александр Дитте сияқты оқушылар комбайннан астық алуға қолқабыс етіп жүр. Оқушы Дима Фомин озат комбайншы Коротковтың агрегатында жұмыс істейді.

Колхоз басқармасы көмегі үшін мектеп оқушыларына алғыс айтуда.

В. ЛИЗУН,

Совет аудармашысы

Оқушылардың колхозға көмегі

Преснов ауданы мектептерінің оқушылары жазғы демалыс кезінде ауылшаруашылық жұмыстарына белсене қатысып, егінді баптап, күту, мал азығын дайындау, егін жыйнау, астық тазарту жұмыстарын жүргізуде колхозшыларға үлкен көмек көрсетіп келеді. Мектептердің жас натуралистері өз мектептері жанындағы оқу-тәрбие участоктерінде қажырлы және творчестволық жұмыстар жүргізумен қатар, колхоз өндірісінде қоғамдық еңбекке белсене қатысып жүр.

«Организованный труд» колхозының № 3 бригадасында шөп жыйнау жұмысында бірнеше оқушы жұмыс істеді. Олар өздерінің міндеттемелерін күн сайын асыра орындауда. Оқушы Татьяна Чабан, Нәсіма Гаязвалар пішен жыйнауда алдыңғы қатарда келеді. Колхоз даласындағы қажырлы еңбектері үшін бұл жастарға колхозшылар атынан бірнеше рет алғыс жарияланды.

Э. ДӘУРЕНОВ.

Колхоз өнертапқышы

«Красный партизан» колхозының (Преснов ауданы) мүшесі И. Романенко жолдас астық тазартатын машинаны қайтадан конструциялаған болатын. Колхоздың өз мастерскойында жасалған мұндай астық тазартатын 8 машина көзір осы колхоздың қырымдарында жаңа егіннің астығын тазартуға кеңінен пайдаланылуда.

Қуатты астық тазартатын мұндай машиналарды көзір жергілікті өнеркәсіп орындары да жасап шығара бастады. Колхозшы өнертапқыш конструциялаған велкаларды көзір ауданның әрбір колхозынан кездестіруге болады.

Э. СӘЛМЕНОВ.

Редактор Г. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Киноларда

«УДАРНИК» кинотеатрында

«ЕФРЕЙТОР КОЧЕТКОВТЫҢ БАСЫНАН ӨТКЕН ОҚЫЙҒА»

Сеанстар кешкі сағат 6-30, 8, 9-30, түнгі сағат 11-де басталады.

ССРО Мәдениет министрлігінің Солтүстік Қазақстан облыстық бөлімшесі облыс экрандарында «ЕФРЕЙТОР КОЧЕТКОВТЫҢ БАСЫНАН ӨТКЕН ОҚЫЙҒА» деген көркемсуреті жаңа фильм көрсете бастады. Фильмді Москва киностудиясы 1955 жылы жасап шығарған.